



БЕКІТЕМІН  
Мектеп директоры

А.Ламбеков



КЕЛІСЕМІН  
Балқаш аудандық білім  
бөлімінің басшысы

А.Аймұханбет

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім  
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің  
«Ә.Ахметов атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»  
мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
2021-2022 оқу жылының оқу- тәрбие жоспары**

2021 жылғы 31 тамыз №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген

*Ұйымдастырушылық – педагогикалық іс-шаралардың жылдық циклограммасы*

№	Ұйымдастырушылық педагогикалық іс	Уақыты	Апта күні	Жауапты
1	Мектеп әкімшілігінің мәжілісі.	Аптасына 1 рет	Дүйсенбі	Мектеп директоры
2	Педагогикалық кеңес	Жылына 5 рет	Тоқсан соңында	Мектеп директоры
3	Кіші педагогикалық кеңес	2 айда 1 рет	Сенбі	Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары
4	Директор жанындағы кеңес	Айына 1 рет	Сәрсенбі	Мектеп директоры
5	Әдістемелік кеңес	Жылына 4 рет	Тоқсанына 1 рет	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6	Кәсіподақ комитетінің жиналысы	2 айда 1 рет	Бірінші жұма	Кәсіподақ ұйымының төрайымы
7	Үнемі іс-әрекеттегі семинар	Айына 1 рет	Сенбі	Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары, психолог.
8	Ата-аналар жиналысы	Жылына 4 рет	Тоқсан сайын	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

### *Мектеп басшыларының қызметтік міндеттері*

Мектеп директоры

Ламбеков Айбек Аятбекұлы

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын жүзеге асыруға басшылық жасайды;
2. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінің өз деңгейінде жүзеге асырылуына, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын ұйымдастыруға, олардың денсаулығын нығайтып жан-жақты жарасымды өсуіне басшылық жасауда мемлекет алдында жауап береді;
3. Кадр таңдау, тағайындау, олардың үнемі білімін көтеру жұмысымен айналысады;
4. Мектеп кеңесінің және педагогикалық кеңестің жұмыстарына басшылық жасайды;
5. Директор жанындағы мәжіліс өткізеді, оның шешімдерінің орындалуына басшылық жасайды;
6. Мемлекеттік білім стандартының орындалуына және пәндерінің өз деңгейінде оқытылуына, оқушылардың білім-білік дағдыларын бағалауының әділеттілігіне бақылау жасайды;
7. Оқушылардың кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын, ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен, демеушілермен жұмыс түрлерін жүргізеді және қадағалайды;
8. Еңбек тәртібін сақтауына, мектеп Жарғысының орындалуына жауап береді;
9. Мектептің санитарлық – гигиеналық режимінің, еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
10. Өз жұмысы туралы тиісті ұйымдар мен педагогикалық ұжым, ата-аналар алдында есеп береді;
11. Мектептің әдістемелік жұмысын жақсартуға басшылық жасайды.
12. Оқушылардың Жалпыға бірдей оқумен қамтамасыз етілуіне жауап береді. Мектептің сынып комплектілерін реттейді.
13. Сынып жетекшілерін тағайындайды, олардың жұмысына бақылау жасайды;
14. Мектептің педагогикалық ұжымының қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасайды;
15. Мектептің дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық сабақтарының өз деңгейінде жүргізілуіне тікелей жауап береді, мектептің азаматтық қорғаныс штабын басқарады;
16. Мектептің жылу жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне басшылық жасайды;
17. Мектептің жалпы оқу тәрбие жұмысына жылдық жоспар жасауға басшылық жасайды, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары  
Жекебаева Меруерт Айқынқызы

1. Мектепте оқу-тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына, оқу бағдарламаларының орындалуына, пән сабақтарының сапалы жүргізілуі мен оқушылардың тиянақты білім алуларына жауап береді.
2. 1-11 сынып журналдарының дұрыс жүргізілуіне жауап береді;
3. Оқушылардың үлгеріміне бақылау жасайды; үлгерім мониторингін жүргізеді.
4. Мұғалімдердің оқу жүктемесін анықтайды., жүзеге асырады, сабақ кестесінің талапқа сай болуын қамтамасыз етеді.
5. Мұғалімдердің жүктемелерін реттейді, аудандық білім бөліміне статистикалық есеп береді.
6. Мектепшілік бақылау жұмысын жүзеге асырады;
7. ҰБТ процесіне дайындық жұмыстарын жүргізеді, ҰБТ өткізуге қатысады, талдау жасайды, емтихандарды өткізуге жауап береді;
8. Пән кабинеттерінің бүгінгі заман талаптарына сай жабдықталуын қамтамасыз етеді;
9. Пән сабақтарына қатысады, талдайды, диагностиканы жүзеге асырады;
10. Мұғалімдерді аттестаттаудан өткізуге қатысады;
11. Пән мұғалімдері үшін семинарлар өткізеді;
12. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
13. Педагогтардың жұмыс уақыты үшін табель жүргізеді, жауап береді;
14. Мектеп педагогикалық ұжымының жұмысын зерттейді, талдау жасайды;
15. Мектептің ішкі тәртібінің сақталуына жауап береді:
16. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
17. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, аудандық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
18. Бірлестіктердің жұмысындағы пәннің сапалы өтілуін қадағалайды;
19. 10-11 сыныптардағы бейінді оқытуды басқарады және құжаттарына жауап береді.

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  
Тұрсынбаева Зауре Болатбекқызы

1. Сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарының өз деңгейіндегі жүргізілуіне жауап береді;
2. Оқушылардың сабаққа қатысу журналын жүргізеді, күнделікті сабаққа қатысу барысын тексереді, бұл туралы мектеп әкімшілігіне есеп беріп отырады;
3. I, II ауысым оқушылары мен мұғалімдердің кезекшілігін ұйымдастырады;
4. Мектеп тәрбие жұмысын ұйымдастырады, оқушылардың қоғамдық пайдалы жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады;
5. Сынып жетекшілерінің семинарын жүйелі түрде өткізіп отырады.
6. Ата-аналармен бірге тәрбие шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырады;
7. Балалар ұйымының жұмысына бағыт береді, жетекшілік жасайды;
8. Үйірме жұмыстарының жүргізілуіне басшылық жасайды және бақылайды;
9. Апта сайын сап түзеу өткізуді жүзеге асырады;
10. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысына жетекшілік жасайды;
11. Балалар ұжымы мен түрлі сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;
  - 1) Туризм
  - 2) Театр
  - 3) Экологиялық саясаттар
  - 4) Ашық тәрбие сағаттары
  - 5) Конференциялар т.б
12. Мектеп кітапханасының жұмысына басшылық және бақылау жасайды;
13. Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен шығармашылық байланыс орнатады;
14. Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
15. Тәрбие сағаттарына қатысады, талдайды, мониторинг жүйесімен зерттеу жүргізеді;
16. Мектептің ішкі тазалық жұмыстарын ұйымдастырады, мектеп дәрігерлің пунктінің жұмысына жауап береді, «Салауатты өмір салты» бойынша түрлі жұмыстар ұйымдастырады. СПИД-ті болдырмау, нашақорлыққа күрес акцияларын өткізеді;
17. Қыздар арасындағы жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
18. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау шараларын қарастырады, кешкі мезгілдерде сенбі, жексенбі, мереке күрдері көпшілік орындарға рейдтер ұйымдастырады;

19. Мектеп асханасында тұрмысы төмен отбасылар балаларының уақытында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне басшылық жасайды, жауап береді;
20. Жетім балаларға әлеуметтік-экономикалық қолдау жұмыстарын жүргізеді, акциялар өткізеді;
21. Оқушылардың жазғы демалыс және лагерін ұйымдастырады.;
22. Педагогикалық кеңеске материалдар дайындайды;
23. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, аудандық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді;
24. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

Педагог-ұйымдастырушы  
Төлеубекова Мадина Маратқызы

1. Балалар ұйымының жұмысына басшылық жасайды және басқарады;
2. Қиын балалармен жұмыс түрлерін ұйымдастырады;
3. Отбасы жағдайы төмен, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларын есепке алады, оларға қамқорлық жасау жұмыстарын ұйымдастырады, талдау жасайды;
4. Тәрбие сағаттарына қатысады, талдау жасайды;
5. Өз білімін, біліктілігін көтерумен айналысады;
6. Кәсіби біліктілігіне сәйкес семинарларға қатысады, курстан өтеді;
7. Оқушыларды түрлі жарыстар мен конкурстарға дайындайды, қорытынды талдау мониторинг жасайды;
8. Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, аудандық білім бөлімі, ата-аналар, оқушылар комитеті алдында есеп береді;
9. Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

Мектеп директордың шаруашылық меңгерушісі  
Можанов Қанат

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын жауап береді;
2. Мектепті техникалық қызметшілермен қамтамасыз етеді;
3. Мектеп территориясымен мектеп ішінің санитарлық-гигиеналық жағдайына жауап береді;
4. Мектеп мүлкінің сақталуын қамтамасыз етеді, жауап береді;
5. Мектептің жылу жүйесінің қысқы мерзімде жүйелі жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жазғы мерзімде қысқы дайындау мерзімдерін жүргізеді;
6. Мектепті жанар-жағармаймен қамтамасыз етеді, оның есебін жүргізеді, ол туралы мектеп директоры мен аудандық білім бөліміне есеп береді;
7. Мектеп күзеті жұмысына бақылау жасайды.
8. Мектеп маңын көгалдандыру жұмысымен айналысады.
9. Жазғы еңбек демалысы маусымында материалдық қамтамасыз етуге жауап береді;
10. Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге басшылық жасайды.
11. Мектептің оқу жылына дайындығы жайлы мектеп әкімшілігі алдында есеп береді;
12. Өз жұмысы туралы мектеп әкімшілігі алдында есеп береді;
13. Мектептің өртке қарсы шаралары туралы жұмыстарын жүргізеді, жауап береді;
14. Мектептің су құбырларының үнемі жұмыс істеуін, жарықтандырылуын қамтамасыз етеді;

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_



Мектеп кітапханашысы:

Көпжанова Гүлжан

1. Мектеп кітапханасы жұмысын ұйымдастырып, оның негізгі міндеттері мен функцияларының орындалуын қамтамасыз ету;
2. Қор жинауды, есепке алуды, жүйелеуді ұйымдастырады;
3. Кітапхананың каталогтары мен картотекасын ұйымдастырады;
4. Түрлі формалар мен әдістерді пайдаланып, кітаптарды насихаттайды.,
5. Кітапхана құжаттамасын жүргізеді:
6. Кітапхана қызметінің жоспарлар мен есеп берулерін ұйымдастырады;
7. Оқушылар арасында кітапхана библиография білімдерін ұйымдастырады;
8. Кітапхана жәрдем беру үшін оқырмандар активін ұйымдастырады;
9. Оқырмандарды ақпараттармен неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында кітапхана-библиографиялық қызмет көрсетудің түрлі формаларын қолданады;
10. Отандық кітапханалардың озық жұмыс тәжірибесін зерттеп, оны өз кітапханасының жұмысына енгізеді.

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

## ӘСКЕРИ ЖЕТЕКШІ

Ташкенбаев Серік

2. Мектептегі әскери-патриоттық тәрбиеге басшылық жасайды;
3. Бағдарлама бойынша бөлінген сабақтардың орындалуына жауап береді;
4. Азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастырады, өткізілуіне жауап береді;
5. Мектептің азаматтық қорғаныс штабының жұмысына басшылық жасайды;
6. Мектептің техникалық қауіпсіздік жұмысының қамтамасыз етілуіне жауап береді;
7. Мектептегі әскери-патриоттық тәрбие шараларын өткізеді, түрлі тақырыптық жарыстар, конкурстар ұйымдастырады;
8. Санитарлық дружина жұмысын ұйымдастырады, жүзеге асырады;
9. Дене тәрбиесі мұғалімдерімен бірге оқушыларды аудандық жарыстарға дайындайды, түрлі жарыстар өткізеді.
- 10.9-мамыр Жеңіс мерекесіне арналған шеру өткізуге басшылық жасайды;
- 11.АӘД кабинетіне жетекшілік жасайды, түрлі көрнекіліктермен жабдықталуын қамтамасыз етеді.
- 12.Мектептің жылдық оқу-тәрбие жоспарын жасауға қатысады;
- 13.Өз жұмысы туралы педагогикалық ұжым, аудандық білім бөлімі, ата-аналар алдында есеп береді.

Міндеттермен таныстым \_\_\_\_\_

## **М А З М Ұ Н Ы**

**Мектептің 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарының талдауы**

**Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған міндеттері**

**Мектептің өзекті мәселесі**

**Мектептің жұмыс циклограммасы**

**I-БӨЛІМ. Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту**

**II-БӨЛІМ. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру**

**III-БӨЛІМ. Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартының орындалуы**

**IV-БӨЛІМ. Әдістемелік жұмыс жүйесі**

**V-БӨЛІМ. Педагог мамандармен жұмыс жүйесі**

**VI-БӨЛІМ. Мектептің тәрбие жұмысы жүйесі**

**VII-БӨЛІМ. Мектепшілік бақылау мен басқару жүйесі**

**VIII-БӨЛІМ. Мектептің инновациялық қызметі**

**IX-БӨЛІМ. Материалдық-техникалық базаны дамыту жұмысы**

**Қосымша**

**-Психологиялық қызмет жоспары**

**-Кітапхана жоспары**

## SWOT талдауы

<p style="text-align: center;"><b><u>Күшті жақтары</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. <u>Мектептегі мұғалімдердің біліктілік санаттарының артуы</u></li><li>2. Пән мұғалімдердің заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруі.</li></ol>	<p style="text-align: center;"><b><u>Әлсіз жақтары</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. <u>Мұғалімдер арасында ұйымдастырылатын аудандық және облыстық байқауларға қатысып нәтиже көрсетуі әлсіз</u></li><li>2. Күнделікті сабақтардың бір сарынды өтуі.</li><li>3. Ақпараттандыру жүйесімен толық қамтамасыз етілмегеніміз.</li></ol>
<p style="text-align: center;"><b><u>Мүмкіндіктері</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. <u>Мектепті әлі де дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға педагогтар құрамының сапасын арттыруға мүмкіндігіміз бар.</u></li><li>2. <u>Желілік қоғамдастық жұмысын жандандыруға мүмкіндігіміз бар.</u></li><li>3. <u>АКТ мұғалімдер мен оқушылардың толық пайдалануына мектептің материалдық базасының толық мүмкіндігі жетеді.</u></li><li>4. <u>Аудандық және облыстық «Дарын», «Зерде», пән олимпиадаларындағы көрсеткіштерінің артуна мүмкіндіктері бар</u></li><li>5. <u>Мектеп түлектерінің мамандық таңдауда ЖОО және кәсіптік біліммен қамтылуы</u></li></ol>	<p style="text-align: center;"><b><u>Қауіпті жағы</u></b></p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Ата-аналар белсенділігінің төмендігі.</li><li>2. Кітап оқудың, оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға мұғалім кәсіби деңгейінің жетпеуі</li></ol>

## **2021-2022 оқу жылында шешілуге тиіс проблемалар жиынтығы.**

- 1. Білім мазмұнын жаңарту.** Әр баланың жеке қабілет ерекшелігін ашу, сол арқылы қажеттілігі мен мүмкіндігіне сай білім беру. Жасөспірімдер олимпиадасының көрсеткіш нәтижесін көтеру.
- 2. Оқудағы жетістік.** Ойы ұшқыр, білімі терең, дені сау шәкірт даярлайтын педагогикалық ортаны дамыту. Білім кеңістігінің әр түрлі деңгейдегі жарысында жетістікке жету, жаңартылған білім мазмұнында шеберлік сағаттарын өткізу.
- 3. Оқу, оқыту, тәрбие.** Жаңа үлгідегі ұлттық мектеп қалыптастыру. Білім сапасы – басты нысаны. Оқушыны дамудың, оқудың және тәрбиенің субъектісі деп тану, бала бойында берік танымдылық қызығушылығын қалыптастыру. Ұлт тарихын, ұлт мәдениетін – тәрбие көзі деп тану. Рухани адамгершілік әліппесін меңгерту, жалпы адамзаттық құндылыққа, өркениетті елдермен иық түйістіре алу деңгейіне жеткізу. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы оқушыны жан-жақты дамыту.
- 4. Оқушыға көмек, баланың өмір кеңістігіне шығу дайындығы.** Баланың мектепте болған уақытында денсаулығына зиян келтірмеу. Салауатты өмір сүру дағдысын бекітуге жағдай жасау. Түлектерді әлеуметтендіру диагностикасын жүзеге асыру, өзгермелі өмір талабына сай шешім қабылдау қабілеттілігін дамыту, дамыған ақпараттық ортаға дайындау.
- 5. Мәдени-этностық орта.** Мектеп дамуы үшін қажетті деңгейдегі мұғалімнің кәсіптік шеберлігін қалыптастыру. Мектептің қоғамдағы белсенділігін нығайту. Мектепті құрайтын: мұғалім – оқушы – ата-ана, үшбұрышының орнықтылығын дамыту.
- 6. Ресурстарды пайдалану.** Заман талабына сай кабинеттің жабдықталуын іске асыру. Әр оқушының дамуын ақпарат кеңістігі арқылы жүзеге асыру. Сандық оқыту ресурстарын дайындау.

### **Мектептің өзекті мәселесі:**

Жеткіншек ұрпаққа жаңартылған мазмұнда терең білім беруде оқу-тәрбие үрдісіне  
инновациялық

технологияларды ендіре отырып дағдыларды қалыптастыру,

ұлттық құндылықтарды тиімді жүзеге асыру

Жеткіншек ұрпаққа жаңартылған мазмұнда терең білім беруде оқу-тәрбие үрдісіне  
инновациялық технологияларды ендіре отырып дағдыларды қалыптастыру,

ұлттық құндылықтарды тиімді жүзеге асыру

### **Мектептің мақсаты:**

Оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған оқу-тәрбие үрдісіне жаңа  
педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану.

### **Мектептің міндеттері:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» қаулылары мен қарарларын, Қазақстан Республикасы білім мен ғылым Министрлігінің, білім саласындағы орталық атқарушы орган мен білім бөлімінің шешімдерін және Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелерді, білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасын басшылыққа алу, орындау;
2. Пән мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру.
3. Оқушылардың жалпыға бірдей міндетті оқумен толық қамтылуын жүзеге асыру, сапалы білім алуына, жан-жақты дамуына жағдай жасау;
4. Дарынды оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарды дамытып, нәтижеге бағытталған сапалы білімге жету
5. Педагог-мамандардың біліктіліктерін үздіксіз жетілдіру, кәсіби құзыреттіліктерін арттыру және мұғалімдерге қолдау көрсету;
6. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында пәндерді мектепшілік бақылауға алу және сыныптар бойынша тоқсандық қорытынды бағаны мектепшілік байқау сынақтарының бағаларымен салыстырмалы сараптама талдау жүргізіп бақылауға алу
7. Оқушылардың ғылыми жоба жарыстарына пәндік олимпиадаларға, түрлі танымдық байқауларға қатысуын қамтамасыз ете отырып, дарынды тұлғаны дамыту;
7. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарын қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде қолдану;
8. Мектептің білім беру мазмұнын жетілдіру мақсатында, материалдық-техникалық базаны жақсарту.

## 2020-2021 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының талдауы

- Педагогикалық ұжымның әдістемелік қызметін талдау.

Осы оқу жылында әр мұғалім жұмысындағы проблемаларды анықтау және анықтау үшін "рефлексивті есеп" нысанын енгізілді. Әр мұғалім, ұйымдастырушы педагог оқу тоқсанының соңында келесі бөлімдер бойынша рефлексивті есеп берді:

**1-бөлім.** Ұйымдастыру-педагогикалық қызметі.

Міндеті: әдістемелік жұмысқа қатысу және білім беру мекемесін дамыту бағдарламасын іске асыру арқылы педагогтың кәсіби мәдениетін арттыру.

**2-бөлім.** Оқу-әдістемелік қызмет.

Міндеттері:

- \* педагогтардың кәсіби қызметін ақпараттық (Нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, әдістемелік) қамтамасыз етілді;
- \* оқушылардың білім жетістіктерін мониторингті ұйымдастырылып, өткізілді.

**3-бөлім.** Міндетті минимумды игеру бойынша іс-шаралар.

Міндеттер:

- \* бағдарламаға сәйкес пәндер бойынша білім берудің міндетті минимумын меңгеру бойынша оқушылар үшін оңтайлы жағдайлар қамтамасыз етілді;
- \* оқушылардың білім беру нәтижелеріне қол жеткізуін бақылаудың тиімділігі арттырылды;

**4-бөлім.** Пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстары ұйымдастырылды.

Міндет:

- \* білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту, оқушылардың тек ЖМБ меңгеруін ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту, әр оқушының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді;
- \* оқушылардың бойында әлеуметтік және азаматтық құзыреттілікті жеке тұлғаның қалыптасу және даму шарты ретінде, өзара іс-қимыл жасау дағдысы мен әлеуметтік іс-әрекет жүйесі қалыптастырылды;
- \* қазіргі қоғамдағы азаматтық құқықтар мен міндеттердің барлық кешенін белсенді, жауапты және тиімді іске асыруға, өз білімі мен іскерлігін практикада қолдануға мүмкіндік беретін қабілеттілікті қалыптастыру жағдайлары қарастырылды.



### **- Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын талдау.**

ӘБ жетекшілері ӘБ отырысын өткізеді және мұғалімдер мен оқушылардың әдістемелік көмекке қажеттілігін, критериалды бағалау, тәлімгерлік мәселелері анықталды.

МҰ басшысының рефлексивті есебінің нәтижесі бойынша кейбір сұрақтар, әсіресе рефлексивті есептерде өткір белгіленген, мектептің әдістемелік кеңесінің отырысына шығарылды.

Рефлексивті есеп нәтижелері бойынша әрбір мұғалімнің, соның ішінде жалпы ӘБ жұмысының мониторингі жасалды.

Формативті және жиынтық бағалаумен байланысты үдерістер мен рәсімдерді бағалау және іске асыру жүйесінің сапасын бақылауға ерекше назар аударылды. Ол үшін коучинг, тренинг, менторлық (тәлімгерлік) ұйымдастыру арқылы бағалау рәсімін өткізуде мұғалімдердің әдістемелік қолдауы жүзеге асырылды. Сабақта формативті бағалауды қолдану практикасының тиімділігін жүйелі талдауды қамтамасыз ету үшін ӘБ жетекшісі сабақтарға қатысу жоспарын жасады. Сабақтарға қатысу қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісі мен мұғалімдерге оқыту үдерісінде формативті бағалау процедураларының реттілігі мен дұрыс іске асырылуы бойынша конструктивті кері байланыс берілді. (Мұғалімдерде тәжірибеде қолдану үшін формативті бағалау бойынша материалдар жинақталған.)

Әр тоқсан және бөлімдер үшін жиынтық бағалау бойынша жоспар жасалды. Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерімен жеке кеңес өткізілді. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізгеннен кейін, нормативтік және әдістемелік құжаттарда белгіленген тәртіпке сәйкес білім алушылардың жұмыстары қарастырылды. (Жиынтық бағалау бойынша модерация хаттамалары уақытында тапсырылды.)

### ***-Мектептің мұғалімдер ұжымының кадрлық құрамы***

Мектептегі әкімшілік жұмысының негізгі бағыты кадрлық құрамын нығайту қызметі болып табылады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы мен Мектеп жарғысы негізінде мұғалімдер ұжымының құрамын білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің №252-III сәйкес 2010 жылдан бері қабылданған мұғалімдердің барлығымен еңбек шарты жасалған.

Мектептің педагогикалық кадрлық құрамының саны қажеттілікке байланысты анықталады 2020-2021 оқу жылында 25 мұғалім жұмыс атқарды.

**-Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі:**

	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен	Мұғалімдер саны	Жоғары біліммен	Арнаулы орта біліммен
2020-2021	5	3	2	20	18	2

2020-2021 оқу жылында педагог қызметкерлерінің білім деңгейі жоғары білімді мұғалімдер саны көп болуына байланысты тұрақты деңгейді көрсетеді, 92% құрайды

**-Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өтуі:**

Оқу жылы	Қайта даярлау курсынан өтуге жататын педагог қызметкерлерінің жалпы саны (адам)	Қайта даярлау курсынан өткен	Қайта даярлау курсынан өткен мұғалімдер бөлшегі
<b>2020-2021</b>	22	12	60%

Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өткенде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімі, сондай-ақ олардың жұмыс нәтижелері есепке алынады. Білім беру сапасы төмен мұғалімдерге курстық даярлық бойынша біліктілікті арттырудан жоспардан тыс ұсынылып, ағымдағы оқу жылында жоспарлы түрде курстық даярлықтан өткен мұғалімдер саны 60%, 10 мұғалім (40%) курстық даярлықтан өтуі қажет.

2012 жылдан бастап Кембридж университеті бағдарламасы бойынша жаңа форматты курсынан өтіп, 3 мұғалім II деңгейлі, 3 мұғалім I деңгейлі сертификаттары табысталды.

Облыстың жоғары оқу орындарына: ИнЕУ, ПМУ, ПМПИ, ПШО, «Өрлеу» ҰБАИ, ПҚ БАИ мұғалімдерді курсқа жіберу мүмкіндігі қолданылады.

Осы оқу жылында аттестаттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес 4 мұғалім жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, яғни 38 % құрайды. «Педагог-зерттеуші» санаты қаралуда - Дауылбаев Қамбар Сейітбекұлы – география пәні мұғалімі, «Педагог - сарапшы» санаты қаралуда – Ламбеков Айбек Аятбекұлы – дене шынықтыру пәні мұғалімі, Қойшыбай Ералы-дене шынықтыру пәні мұғалімі. «Педагог-модератор» санаты берілді – Төлеу Айгерім Қаныбекқызы – технология пәні мұғалімі.

Педагог қызметкерлерінің білім беру және сапалық деңгейі жоғары, 25 педагогтың ішінен:

- жоғары біліммен – 21 (52,5%);
  - жоғары және 1 санатты – 12 (30%);
  - педагог-зерттеуші - 1 (10%);
  - педагог-сарапшы - 9 (27,7%);
- Оқу қызметін талдау.**

Мектеп ғимараты 640 орындық. 2020– 2021 оқу жылы мектептің жалпы білім беру жүйесінде күндізгі оқыту түрінде 4 бастауыш, 5 негізгі, 2 жоғары сыныптар болды. Мектеп биылғы жылы пандемияға байланысты екі ауысымда жұмыс істеді. Сабақ кестесі негізінен санитарлық-гигиеналық талаптарға және жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастылды.

Мектеп оқу жылының басында 1-11 сыныптарда 157 оқушы болды. Сынып комплекті-12. Оқу жылының қорытындысы бойынша 163 оқушы аяқтады.

4, 9 сынып оқушыларын ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарын ұйымдастырылу бойынша жыл бойы консультациялар өткізілді. Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) стандарт талаптарына сай. Білім алушылардың білімі мен іскерлігін бағалау нәтижелері мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес деп есептелді. Ақпан айында бастауыш сыныптардағы шет тілі (ағылшын тілі, орыс тілі) пәндерінің берілу сапасы, оқушылардың білім сапасы тексерілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақ жүргізу сапасы, балаларды мектеп оқуына дайындау жолдары бақыланды. Наурыз айында 2-11 сыныптардағы дене шынықтыру пәндері мұғалімдерінің сабақ өткізу әдістемелері, сабақ сапасы тексерілді. Сәуір айында 2 сынып оқушыларының жыл бойы алған білімдері, сауатты жазу, есептей білу, есеп шығару қабілеті, қатесіз мәнерлеп оқи білуі, оқу жылдамдық нормасын орындау қабілеттері тексерілді.

Оқу – тәрбие жұмысының жылдық қорытынды бойынша үздік оқушылардың саны-56, екпінділер-41, қанағаттарлық-66 оқушы.

Жалпы мектеп бойынша сапа көрсеткіші 2020-2021 оқу жылының аяғында – 66,9 % көрсетті.

№	Сынып	Оқушы саны	Озат	Екпінді	Үлгерім	Білім сапасы
1	1	18			100	
2	2	10	6	3	100	90%
3	3	21	7	8	100	71.4%
4	4	16	7	3	100	62.5
5	1-4	65	20	14	100	72.3%
6	5	20	10	4	100	70%

7	6	21	9	4	100	61.9%
8	7	10	3	5	100	80.0%
9	8	19	5	5	100	52.6%
10	9	10	3	3	100	60%
11	5-9	80	30	21	100	63.8%
12	10	7	2	2	100	57.1
13	11	11	4	4	100	72.7
14	10-11	18	6	6	100	66.7
15	1-11	163	56	41	100	66.9

**- Оқушыларды оқыту және оқу бағдарламаларын орындау нәтижелерін талдау.**

№	Пән	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық
1	Қазақ тілі	94,2	94	91,3	93	95,6
2	Қазақ әдебиеті	95,4	94,7	92,7	94	97
3	Орыс тілі мен әдебиеті	95	92,6	91,8	92,7	97,7
4	Ағылшын тілі	85	84,9	85	85	86,3
5	Математика	89,2	91,6	89,6	94	92
6	Алгебра	77,4	79,9	70,4	64,7	77,9
7	Геометрия	79,7	79,9	69	70	79,2
8	Физика	92,5	94	85	78,5	94,4
9	Информатика	79,8	88	91,5	88,6	93,9
10	Химия	92	93	93,4	92,7	95
11	Биология	92,8	98,7	98,7	98,3	98,3
12	География	94	97,4	94,4	93,7	97
13	Қазақстан тарихы	87,8	89	81	84	89
14	Дүниежүзі тарихы	87,7	89,3	80	86,2	89,7
15	Технология	есеп	есеп	есеп	есеп	есеп
16	Дене тәрбиесі	есеп	есеп	есеп	есеп	есеп
17	Адам.Қоғам.Құқық		100		100	100

18	Музыка	есеп	есеп	есеп	есеп	есеп
19	Көркем еңбек	есеп	есеп	есеп	есеп	есеп

Ең жоғары білім сапасын көрсеткен: орыс әдебиеті – 97,7%, Адам.Қоғам.Құқық - 100%, биология – 98,3%, география - 97%, қазақ әдебиеті - 97%, химия -95%.

### **-Мектеп бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы**

Өскелең елдің айбынды болашағы үшін ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми-техникалық әлеуетін арттырып, ілім-білімнің басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу – инновациялық дамудың негізгі көзі. Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Сондықтан да біздің билік білім беру саласына мән беріп, білім берудің жаңа реформасын енгізді. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Айқын мақсатты 22 жүзеге асыру үшін ҰБТ-ның қолданыстағы форматы жетілдірілді. Осы бағытта 2020-2021 оқу жылында Ұлттық бірыңғай тестілеудің екі кезеңде өткізіледі. ҰБТ рәсімін мектепте қорытынды аттестаттауға және жоғары оқу орнында түсу емтихандарына бөлу, одан әрі оқуға деген қабілетін, логикалық ойлау деңгейін, ағылшын тілін меңгергендігін, сондай-ақ базалық құзыреттілігін (функционалдық сауаттылық) айқындауға бағытталған тесттерді пайдалануды кеңейту екені нақтыланды.

Қазіргі жан-жақты дамыған саналы қоғам-білім мен біліктіліктің, бәсекенің өркениетті қоғамы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында : «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз»,- деп білім саласындағы қызметкерлерге салмақты да жауапты міндеттер жүктеп отыр. Еліміз әлемдік қоғамдастық пен дамыған экономикаға қадам басқан жағдайда оған ие болар бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру –бүгінгі ұстаздардың мақсаттарының бірі.

2020-2021 оқу жылында Қоғамдық- гуманитарлық бағыт бойынша оқушылардың саны - 11. Қазақ тілінен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Елшібаева Жұмакүл Зәкірқызы жоғарғы санатты, орыс тілінен орыс тілі пәнінің мұғалімі Мұхан Қарлығаш Сембекқызы жоғарғы санатты, тарихтан тарих пәнінің мұғалімі Р.Жайлауова I санатты, математикадан математика пәнінің мұғалімі Меңешова Нұрайым екінші, биология пәнінен Бейсенбаева Құралай екінші сабақтар жүргізеді. Оқу жылының басынан пән мұғалімдері ҰБТ-ке дайындық жұмыс жоспарларын бекіттіріп, жоспар бойынша жұмыс жасады.

Ай сайын мектеп әкімшілігінің, ата-аналардың, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдерінің қатысуымен жиналыстар өткізіліп, жан-жақты әдістемелік жұмыстар жүргізіліп отырды. Оқушылар топтарға бөлініп, барлық пән мұғалімдері жұмылдырылып, түстен кейінгі уақытта қосымша сабақтар жүргізілді.

№	Т.А.Ә	Туған жылы	ЖСН
---	-------	------------	-----

1	Дастанқызы Жанерке	10.11.2003	031110600124
2	Ерғали Назерке Ерғалиқызы	26.05.2004	040526600195
3	Қасымхан Ақбота Батырбекқызы	8.11.2003	031108600282
4	Қамбар Санжар Қамбарұлы	2.08.2004	040802500129
5	Марат Әлішер Маратұлы	3.03.2004	040303500106
6	Нұрхамит Бақжан Нұрхамитұлы	29.10.2003	031029500148
7	Нығытай Аяулым Нығытайқызы	30.11.2003	031130600242
8	Сайлаубек Айдос	19.06.2004	040619501300
9	Тегінбай Қызғалдақ	26.01.2004	040126601397
10	Мақсат Айбол	12.05.2004	040512400523
11	Еркін Ринат	25.08.2004	040825400568

Қазіргі уақытта ата-аналарының және өз өтініштері бойынша 9 оқушы ҰБТ тапсыруға, 2 оқушы ҰБТ тапсырмауға өтініш білдірді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің соңғы брифингінде түлектердің қорытынды аттестаттаудың өткізілуі және ЖОО-ға түсу принциптері туралы жаңа формат жарияланды. Пандемияға және қашықтықтан оқуға байланысты ҰБТ форматы электронды түрде өтеді. Осыған орай 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындық жұмыстары тамыз айынан басталды. ҰБТ-ға дайындық кестесі құрылған. Күнделікті қадағаланып, пәндерден өтілген тараулар бойынша айына екі рет мектепшілік тест жұмыстары алынып отырылады. Айына екі рет аудандық байқау тестері аудандық білім бөлімінің мамандары арнайы келіп, тест жұмыстарын алып, сараптама жүргізіп отырады.

**Аудандық №1 «U-Study» байқау сынағының қорытындысы. 42,2%**

**Аудандық №3 «U-Study» байқау сынағының қорытындысы-52,8%**

**Аудандық №2 «U-Study» байқау сынағының қорытындысы-73,3%**

**Аудандық №4 «U-Study» байқау сынағының қорытындысы-71%**

Қазақстан тарихы пәні бойынша тарих пәнінің мұғалімі Р.Жайлауова әр алынған аудандық байқау тестісінің қорытындысы бойынша меңгермеген тақырыптары бойынша қатемен жұмыс жүргізіп, оқушыларға тест жұмысында білмеген тақырыптары бойынша мазмұнын сұрап, емтихан жұмыстарын билет арқылы алып отыр. Әр алынған жұмыстары арнайы құжат болып жинақталып, оқушылардың білім деңгейінің мониторингін шығарып отырды. Оқу сауаттылығы бойынша Елшібаева Жұмакүл және математикалық сауаттылық бойынша пән мұғалімі Маралбек Арал аудандық байқау тестісінің қорытындысы бойынша меңгермеген тақырыптары бойынша қатемен жұмыс жүргізіп, оқушыларға тест жұмысында білмеген тақырыптары бойынша талдау жұмыстарын жүргізіп, үнемі оқушылардың білім деңгейінің өсуіне анализ жасап отырды. Қорытынды аттестаттау бойынша алгебра және анализ бастамалары пән мұғалімі Меңешова Нұрайым математика пәнінен 5-11 сынып материалдары бойынша күнделікті күрделі есептер шығартып, оқушылардың меңгермеген тақырыптары бойынша талдау жұмысын жүргізіп отырды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша пән мұғалімі Елшібаева Жұмакүл осы уақытқа дейін 2020-2021 оқу жылында келген эссе тақырыптары бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Орыс тілі пәнінен пән мұғалімі Мұхан Қарлығаш тыңдалым, айтылым, оқылым дағдылары бойынша тест жұмыстарын алуда. Таңдау пәндері бойынша оқушылардың меңгермеген тараулары бойынша үнемі бақылауға алынып, пән мұғалімдерінің қосымша сабақтарына мектеп әкімшілігі қатысып, сараптама жұмысын жүргізіп отырды. Пән мұғалімдерінің жүйелі жұмысының нәтижесінде соңғы аудандық тестте оқушылардың жалпы орташа баллы 80 пайызға көтерілді. Әр айдың 1,3 аптасында ҰБТ-ке дайындық жұмыстары алынып тұрады. Ал 2,4 аптасында қорытынды аттестаттау жұмыстары алынып жинақталып папкаға салынған.

**Математикалық сауаттылықтан** Математика пәні мұғалімі сабақ өткізді. 9 оқушы сабаққа қатысты. Математикалық сауаттылыққа байланысты тапсырмалар талданып, тақырыпқа байланысты есептер шығарылды. Бақылау жұмыстарына байланысты логарифмдік теңсіздікке, көрсеткіштік теңсіздікке, шектелген фигураның ауданын табуға есептер қарастырылды.

**Оқу сауаттылығынан** сабақ өткізді. 9 оқушы сабаққа қатысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқу сауаттылығына байланысты тиімді тәсілдерді көрсетіп, эссенің жазылу ережелеріне қысқаша тоқталды. «Сөз құдіреті» мәтініне талдау жасалды. Мәтінді талдау барысында оқушылар белсенді қатысты. Оқушылар жұмыстарын ортаға салды. Әр оқушының жұмысын сынақ алушы талқылап, өз пікірін білдірді.

#### **-Мектепшілік бақылау**

Басқарудың мақсаты – міндетті айқындау мен басқару бөліктерінің өзара байланысын үйлестіру және ортақ мақсатқа бағыттау.

Міндеті – инновациялық мектеп қатарына ену.

Нәтижелігі - өзара байланыс нысандарының бір механизмге жүйелендіру;

- әр басқару бөлігінің өз орнында нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуін, ізденуін қамтамасыз ету.

Негізгі бағыттар:

- 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге байланысты білім мазмұнын жаңарту;
- Оқу тәрбие үрдісін ақпараттандыру;
- Сындарлы оқыту технологиясын енгізу;
- Таңдамалы курстардың авторлық бағдарламаларын пайдалану.

Негізгі бақылау нысандары:

- Жалпыға бірдей білім беру Заңының орындалуын бақылау
- Педагог кадрлармен әдістемелік жұмысты жүргізуді бақылау
- Мектептің, оқу бөлмелерінің оқу жылына дайындығын бақылау
- Оқу пәндерінің оқытылу жағдайы және жалп білім беру мазмұнының міндетті минимумының орындалуын тексеру
- Педагог кадрлармен әдістемелік жұмысты жүргізуді бақылау
- Тәрбие жұмысы және балаларға қосымша білім беру жағдайын тексеру
- Мектеп құжаттарының жүргізілуін тексеру
- Оқушылар мен педагог кадрлардың денсаулығын сағталуына бақылау

Аталған нысандар бойынша бақылау жұмыстар ай бойынша жоспарланып жүйелі жүргізіліп отырды. МБ72 сұрақ бойынша бақылауға қойылды.

Сәтті жақтары:

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың бағдарламаларға сәйкес жасалынуы
2. Жалпыға бірдей білім беру стандартының орындалуы
3. Бейіндік пәндердің талапқа сай жоспарлануы, жүргізілуі

Сәтсіз жақтары:

1. Сынып журналдарының жүргізілуіндегі қателіктердің болуы
2. ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарының сапасының төмендігі

Шешу жолдары: Мектеп құжаттарының толтырылуы. Жүргізілуі жайлы семинарлар өткізу. Білім сапасын арттыруда, мектепшілік бақылау мен зерделеулерді жоғары сапа көрсетуде сабақты жоспарлаудың нақты бір шаблонын басшылыққа ала отырып сабақты жоспарлауда нәтижеге бағытталған тапсырмаларды жоспарлау.

Аталған кемшіліктерді бақылай отырып кемшіліктерді болдырмауға қайта жоспарланды.

**- Оқушылардың интеллектуалдық сайыстарға қатысуы**

**(пән олимпиадалары, педагогикалық шеберлік байқаулары)**

Мектеп мұғалімдері пәндік олимпиадаларға, түрлі деңгейдегі педагогикалық шеберлік байқауларына қатысты.



- Жайлауова Рауан Күрішбекқызы - «XXI ғасырдағы ақпарат кеңістігінде Дарынды және талантты тұлғалардың өз орнын табуы» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясында сертификат,
  - Жекебаева Меруерт Айқынқызы – «Мың бала» халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының интеллектуалды республикалық «Үздік ғылыми жұмыс» байқауына оқушы қатыстырғаны үшін «Диплом»
  - Менешова Нұрайым Нұрланқызы - «Үздік педагог-2021» аудандық «Бас жүлде», облыстық байқауында «Алғыс хат» марапатталды.
  - Төлеу Айгерім Қаныбекқызы «Жас өркен» республикалық онлайн-байқауында оқушыларды қатыстырғаны үшін «Алғыс хат»
  - Саденова Толқын Болатқызы - «Үздік информатика пәні мұғалімі-2021» аудандық «Бас жүлде» облысқа жолдама алды.
  - Бейсенбаева Құралай Ерқасымқызы –«Жыл мұғалімі-2021» аудандық III орын иеленді.
  - Кенжеғұл Алдияр Рустамұлы «Мың бала» халықаралық білім мен ғылымды қорғау орталығы «Үздік ғылыми жұмыс» атты байқауында I дәрежелі диплом.
  - Сайлаубек Айдос Ерікұлы облыстық пән олимпиадасынан III орын иегері
    - Аудандық «Дарын» байқауына 11-сынып оқушысы Тегінбай Қызғалдақты «Қазақтың байырғы қара есептері» атты тақырыпта қатыстырып жүлделі II орынды иеленді. Пән мұғалімі Менешова Нұрайым Нұрланқызы Бейсенбаева Құралай Ерқасымқызы Аудандық «Дарын» жобасында 9- сынып оқушысы Қанатқызы Қалампырды «Алоэ өсімдігінің емдік қасиеттері » атты тақырыпта қатыстырып жүлделі II орынды иеленді. Аудандық пән олимпиадасына биология пәні бойынша 9- сынып оқушысы Қанатқызы Қалампыр III орынды иеленді. III-орын иеленді. облыстық «КИО» пән олимпиадасына қатысып жүлделі III орын дипломымен марапатталды.
    - Айсаева Асел Сулейменқызы аудандық «Эссе» жарысына қатысып II орын, «Ұлы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойының қарсаңында» оқушыларды мәнерлеп оқу сайысына қатыстырып, арнайы алхыс хатпен марапатталды.
    - Жекебаева Меруерт Айқынқызы аудандық «Дарын» ғылыми жобадан I орын иегері оқушысы Рустамұлы Алдияр, «Дарын» онлайн ұстаздар олимпиадасында «Кемеңгер ұстаз» номинациясымен марапатталды. Жайлауова Рауан Күрішбекқызы аудандық пән олимпиадасынан құқық пәнінен Асхат Жанайым II орын, тарих пәнінен Сайлаубек Айдос I орынмен марапатталып, облыстық пән олимпиадасынан III орын иеленіп келді. Тарих пәнінен республикалық «КИО» олимпиадасынан 5 оқушы қатыстырып, барлығы I дәрежелі дипломмен марапатталды.
- Мұғалімнің педагогикалық жетілуінің маңызды аспектісі - кәсіби құзыреттіліктің өзін-өзі бағалауы. Оқу жылының соңында әр мұғалімнің және әдістемелік бірлестіктердің рейтингтік материалдарына талдау жасалды.
- ӘБ өсу нәтижесін көрсетті:
- «Таным» жаратылыстану-математикалық пәндер циклінің ӘБ мұғалімдері 22,6 баллға
  - «Парасат» қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің ӘБ мұғалімдері 16 баллға

«Мұрагер» бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі 13,9 баллға  
Әдістемелік бірлестіктердің рейтингі:

Келесі мәселелер бойынша рейтингтік көрсеткіштердегі оң динамика:

Қойылымдар	5,3
Баспа шығарылымдар	0,3
Ашық сабақтар	15,8
Ғылыми жобалар сайысының қатысушылары мен жеңімпаздары	4,2
Конференция қатысушылары мен жеңімпаздары	1,5
Шығармашылық топтарға қатысу	1,6
Авторлық бағдарламалар	4,5
Дидактикалық материалды жүйелеу	1,8
Әдістемелік жұмысқа байланысты қоғамдық тапсырма	3,9
Жеке сайты болу	0,5
Курстар	16,7
Сабаққа қатысу	19,8

Жағымсыз көрсеткіш:

Бөлім бойынша:

оқушылардың білім сапасы 0,9

сайыстарға қатысу және жеңу 1,9

пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар 2,3

Жалпы, мектептің әдістемелік жұмысын талдау мектептің әдістемелік тақырыбы оқу орнының негізгі міндеттеріне сәйкес келетіндігін көрсетеді. Әдістемелік кеңес, мектеп ӘБ және педагогикалық кеңестер отырыстарының тақырыптары мектептің мұғалімдер ұжымы шешуге тырысатын негізгі проблемалық мәселелерді көрсетеді. Негізінен әдістемелік жұмыстың қойылғын міндеттері орындалады. Мектептің дамуының негізгі процестерін: коучинг, тәлімгерлік, сабақты зерттеу, педагогикалық желілік қоғамдастық ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жүйелі түрде дамытуға жағдай жасады.

**Осы уақытта шешілмеген мәселелер бар:**

- **республикалық және облыстық деңгейдегі жарыстардың алдындағы мектепшілік жарыстарды өткізуге назар аудару қажет;**

- *«Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Желілік қауымдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы бойынша деңгейлік курстардан өткен мұғалімдердің қабілеттері толық пайдаланылмаған;*
- *БАҚ арқылы педагогикалық тәжірибемен алмасу бойынша әдістемелік бірлестік жұмысының жүйесі жоқ.*

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарын құру барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары» жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі No 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін; басшылыққа алынып жасалған.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

. Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

Мектептің тәрбие жұмысының жоспарын құру барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы «Бала құқықтары» жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі No 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін; басшылыққа алынып жасалған.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

. Сынып жетекшілер де тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіп отырды.

Мектептің тәрбие жоспары бағдарламада белгіленген тәрбие мақсаттары мен қойылған міндеттерді іске асыруда тәрбиенің басым 8 бағыттық жұмысы қамтылды.

Олар: **I. «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»;**

**II. Рухани - танымдық тәрбие;**

**III. Ұлттық тәрбие;**

**IV. Отбасы тәрбиесі;**

**V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;**

**VI. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениет тәрбиесі;**

**VII. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;**

**VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

2020 - 2021 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы бойынша осы бағыттар арқылы төмендегідей жұмыстар атқарылды.

**1 бағыт – «Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»;** **Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын

қалыптастыру. 1 қыркүйек - **Білім күніне** орай сынып сағаттары өтті. «Саналы ұрпақ - жарқын болашақ» 1-11 сынып арасында сынып сағаттары өтті

### **5 қыркүйек тілдер мерекесіне «Тіл тірегім-соғып тұрған жүрегім»**

атты онкүндік өтті. Жоспар құрылып, ашық тәрбие сағаттарымен түрлі сайыстар өткізілді, сонымен қатар мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Аталған шарада өзге ұлт өкілдерінің билері орындалып, Абайдың қара сөздері, сонымен қатар бірқатар ақындардың өлеңдері оқылды. Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Қазан айында жоспары бойынша 5 – 11 сынып аралығында **«Оқушы ережесінің сақталуы»** тақырыбында ұлдар, қыздар жиналысы өтті. «Жас Ұлан» ұйымының көшбасшысын, «Парламент» жастар ұйымының президентін, «Мұрагер» ұлдар ұйымының жетекшісін, «Жауқазын» қыздар ұйымының жетекшісін сайлау және мектеп формасы, ішкі тәртіп ережесімен таныстыру мақсатында ұйым жетекшілер жиналыс өткізді.

Қараша айының 10-да терроризмнің алдын алу бойынша ДТДЖО З. Тұрсынбаева 2020 - 2021 оқу жылына арналған діни-экстремизм және терроризмнің алдын алу жоспарына сәйкес барлық оқушылар мен қызметкер, мұғалімдерге террористік акт қауіпі кезіндегі халықтың іс-әрекеті бойынша жадынамамен таныстырып, таратты. Сондай-ақ қызметкерлерге таныстарының кері ағымның арбауына түскенде немесе теологиялық психологиялық кеңестер мен құқықтық қорғау қажет болған жағдайда «114 қауырт желісіне» телефон соғып хабарласуға болатынын айтып өтті. Сонымен қатар мектепте діни орамал (хиджаб) киетін, жұма намазға баратын және бес уақыт намаз оқушылар мен қызметкерлерді анықтау мақсатында жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде өзге киім киетін немесе намаз оқитындардың жоқтығы анықталды.

Халықаралық қыздар күніне орай Мектептегі әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру мақсатында «Арынды жасыңнан сақта!» тақырыбында 8-11 сынып қыз балаларымен ашық түрде әңгімелесу өтті. Бұл шараға мектеп педагог-ұйымдастырушысы қатысып қыз баланың тәрбиесі, қоғамдағы орны, мәдениеті және жеке бас гигиенасы жайлы әңгіме айтылды. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білді. Қыз балаларға қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығын сезіндіру үшін және қыз баласына тән белгілі бір ұнату сезімін бастан кешіру кезінде түсініспеушіліктер жайлы мектеп психологі

Бейсембаева айтып өтті. Сондай-ақ ДТДЖО Тұрсынбаева З. тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды таза, әсем, жарасымды киім киіп, өздерін күтуге, шаш өруге кеңес берді. Және өз құқықтарын біліп, өздерін қорғауға және мектеп оқушыларының, яғни өз міндеттерін дұрыс орындауға шақырды.

Ахметов орта мектебінде ұл балалардың мәдениетін, ортамен қарым қатынасын қалыптастыру мақсатында және қоғамдағы ер азаматтың рөлі туралы "Ер бала-ел ертеңі" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. "Мұрагер ұлдар ұйымының жетекшісі қазақ отбасындағы ер баланың тәрбиесі, өзіндік ерекшеліктері мен ер баланың бейнесі жайлы әңгімеледі. ҚР президентінің "Мәңгілік ел идеясын насихаттай отырып, ұлттық рух, ұлттық тәрбие ұғымдарын аша түсті.

Мектеп психологы мектеп оқушыларына арналған психологиялық жадынамалар таратып, сенім телефондарымен мектеп оқушыларын таныстырды, сонымен қатар мектеп әкімшілігі және психолог оқушыларға анонимдік хаттар үшін жәшіктер орнатып, оның тұрақты жұмыс істеуіне бақылау жасайды. Сынып жетекшілер мектеп психологы, мектеп инспекторы мектеп оқушылары мен ата-аналарға құқықбұзушылықтың, суицидалды мінез-құлықтың алдын-алу бойынша семинар кеңестер, лекциялар мен психологиялық жиналыстар өткізді. Мектеп психологы Болсынбекова А. мектеп оқушылары арасында күш көрсету, бопсалаушылық, тонаудың алдын алу мақсатында сауалнамалар жүргізді. Жыныстық сипаттағы қылмыстың алдын алу бойынша қыздар мен ұлдар жиналысы өткізіліп, ұлттық тәрбие туралы дәрістер оқылды. Кесте бойынша сынып жетекшілер мен тәрбие ісінің орынбасары бала еңбегін қанаудың және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешкілік реидтер жүргізіп тұрады.

Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер «Жас ұлан» ұйымы құрылды.

Рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас -жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында жасалған жұмыстар жасалды. 2020-2021 оқу жылының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспары жасақталып бекітілді. 10-сыныптардан құралған клуб мүшелері тағайындалды. Жалпы ата-аналар жиналысында ата-аналарға «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмыстары» тақырыбында ДТЖО баяндама оқыды. Бейнеролик көрсетілді. Қазан айы ішінде 7-сыныптар арасында адалдық, ар-ұят, абырой, әділеттілік қасиетін көрсету мақсатында сурет салу байқауы өтті. Ең жақсы салынған суреттер «Парасатты азамат» стендісіне қойылды.

**1 желтоқсан – Тұңғыш Президент** күніне орай «Елін сүйген Елбасы» апталығы аясында 27-қарашада ашылуы болды. Жиында оқушылар Елбасы туралы тақпақтар, өмір жолдары жайлы бейне роликтен көрсетілді. Апталық аясында қазақ елін мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған "Мен-Қазақстан азаматымын" атты сынып сағаттары өтті. 28- қараша күні ДТЖО З.Тұрсынбаева ұйымдастыруымен 5-7 сынып ер балалары арасында «Егер мен Президент болсам...» байқауы өтті. Байқаудың 1-кезеңіне 9 үміткер қатысып, танымал ақындардың Елбасы жайлы шығарған өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. 2- кезеңге өткен оқушылар 29.11 күні 2-кезеңде «Егер мен Президент болсам....» тақырыбын жалғастырып, ой-толғау айтады. Үздік деп танылған оқушылар марапатталады. 29.11 күні 2- кезеңге өткен оқушылар «Егер мен Президент болсам....» тақырыбын жалғастырып, ой - толғаулар айтты. Үздік деп танылған оқушылар I, II, III орындармен марапатталды.

"Адал ұрпақ" еріктілер клубының ұйымдастыруымен республикалық "Бала құқығы- адам құқығы", "Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ" онкүндік аясында "Бала зорлығы-қоғам қасіреті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатын ДТЖО 8, 9, 10-сынып оқушыларымен бірге жүргізді. Сабақта оқушылар қоғамда кездесіп отырған балаларға қатысты зорлық - зомбылық пен қатігездіктің зияны мен салдары туралы өз ойларын ортаға салды. Тарих пәні мұғалімі "Бала құқықтары туралы" Заңындағы баптарға үзінділер келтірді. Келген қонақтарда өмірден мысалдар алып қауіптен қорғану, сақтану жолдарын айтты.

Оқушыларға қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие мақсатында құқық пәні мұғалімі 9 сыныбына «Менің құқым қандай?» тақырыбында құқықтық сауаттылық бойынша сыныптан тыс сабақ өткізді. Сабақта оқушы өз құқығы мен міндеттерін білді. 2020-2021 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыс жоспарына сәйкес қаңтар айы бойы оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында онкүндік іс-шара жоспары жасалынып өткізілді.

Қаңтар айы бойы мектебімізде оқушыларға құқықтық сауаттылықтың ашылуы туралы лездеме өткізілді. Мақсатты мен міндеттері туралы мәліметтер беріліп, өткізілетін іс-шара тақырыптарымен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған акция барысында 8-сыныптар оқушылардың сынып жетекшілері ұйымдастыруымен оқушыларға жоғарыда айтылған мәселелер кеңінен түсіндіру мақсатында мектеп дәлізінде стенд дайындалды, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тұрсынбаева 3 мектеп инспекторымен әр сыныпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

10 сыныбында «Мен заңмен қорғалғанмын ба?» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға алдымен Бейнеу селосында болған оқиғаны бейне ролик арқылы көрсетті. Яғни, 16 жасар жасөспірімнің өгей анасы қолында өлгенін, өз анасы баласының зорлық көріп жағдайы жоқ болғанын айтып береді. Осы бейнеролик арқылы оқушылар қалай қорғанып сақтану керектігін өз ойларымен бөлісті. Сынып жетекші адам құқығы жайлы ҚР –ның Бала құқығы туралы Заңнан, Халықаралық Конвенциядан үзінді келтірді. Неке және отбасы туралы Заңынан ата-ананың міндеті мен құқықтары да айтылды. Балалар арасындағы қатыгездікті болдырмау мақсатында ата-аналар мен ұстаздар тарапынан орындалатын қатыгездік жолдарын алдын- алу үшін кеңестерді атап өтті. Әрдайым баланың жеке көзқарасының ескеріліп отыруы; ата-ана тарапынан әрдайым жылуды сезінуі; жеке талаптары мен қажеттіліктерінің мүмкіндігінше орындалуы; қандай жағдай болмасын қолдау көрсетуі; ең әуелі олардың сабаққа деген құлшынысын қолдау, ой-пікірлерін, ұсыныстарын талдау; Сынып ұжымында

оқушының беделін, оның мектепке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Осы аталған қатыгездіктің алдын- алу жолдары үнемі ескеріліп отырса балалар денсаулығы мен өмірлері қауіпсіздікте болады. Көп жағдайларда баланың жеке көзқарасы мен талаптары орындалмау себебінен жасөспірімдер арасында келіспеушілік туындап жатады. Сондықтан олар өздерінің наразылықтарын дөрекі іс- әрекеттері арқылы көрсетіп отырады.

Педагог-психологы Бейсембаева Қ. терроризм және діни экстремизмнің алдын алу бойынша төменгі сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізді. ДТЖО Тұрсынбаева З. білім алушылар мен қызметкерлер арасында қауіптің алдын алу үшін жадынамалар таратты. Онкүндік шеңберінде 5-11 сынып оқушыларынан «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы алынды. Сауалнама нәтижесінде 5-11 сынып оқушыларының 96.8 пайызы өз құқықтарын білетінін көрсетті. Сондай-ақ жоғары сынып оқушыларына сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы білім беру сағаты өтті. Өткізудегі мақсат сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту және құқықтық мәдениет деңгейін жоғарлату. ДТЖО оқушыларға жемқорлыққа қарсы күресу туралы сағатта "сыбайлас жемқорлық" сөзіне және жемқорлықпен күресудегі азаматтардың рөлі туралы түсінік беріп өтті. Төменгі сынып оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу үшін, онымен күресу жолдарын бейне ролик арқылы көрсетілді.

«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» республикалық онкүндігі аясында ата-анамен ынтымақтастықты нығайту мақсатында Оқушыларға **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беру мақсатында және «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру»** бағдарламасы аясында 16 – желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай тақырыбында іс-шаралар өтті. Іс-шаралар аясында технология пәні мұғалімі ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік таңы» қолөнер бұйымдарының көрмесін өткізді. Риторика «Тәуелсізбін деп жырлайды жүрегім» атты мәнерлеп оқу өтті. Сондай-ақ "Сүйем сені, Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбындағы апталық аясында 5-7 сынып оқушыларының қыз балалары арасында монолог оқу байқауы ұйымдастырылды. Байқау мақсаты қыз балаларды ұлтжандылыққа, ерлікке және патриотизмге тәрбиелеу. Сайыс көрермендерді де, қатысушыларды да қазақ тарихының өткеніне үңілдіріп, батырдың, сатқынның, өз өмірін туған елі үшін қиғандардың кім екеніне бір сәт көз жеткізгендей болды.

Патриотизм – отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Қазіргі күні жастарымыздың бойындағы отаншыл рух, патриоттық сезім қай деңгейде?" деген сауалдардың бізді ойландыруы заңдылық.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 29 жыл толуына орай және Елбасының "Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру" мақаласын жүзеге асыру мақсатында Ахметов орта мектебінің **"Адал ұрпақ"** еріктілер клубының белсенді жастары арасында **"Жастарда патриоттық рух бар ма? "** тақырыбында дебат-сайыс өтті. Қазақстан жастарына елжандылық, отансүйгіштік қасиеттер тән деген пікірді Аралтөбе орта мектебінің 9 сынып "Жалын" тобы ұстанды. Ахметов орта мектебінің 11"А" сынып **«Дауыл»** даттаушы тобы дәл осы көзқарасқа сәйкес қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән емес деген оппозициялық бағытты ұстады. Ойын шарты бойынша екі топ өз позициялары бойынша ойларын нақты дәлелдемелер арқылы ашық айта білді. **"Жалын"** тобының спикерлері А. Абетай, **"Парламент"** оқушылар ұйымының президенті Нұрхамит Бағжан сынды оқушылар өз ойларын қысылмай, жан-жақты жеткізе білді және сөздерінің тартымды әрі ойларының дәлді болуымен ерекшеленді. Қорытындысында қазылар алқасының шешімімен Ахметов орта мектебінің 9 сынып **"Жалын"** тобы үздік деп танылып марапатталды.

9-11 сынып оқушылары арасында компьютер мен смартфонда күніне неше сағат отыратындығы туралы және интернетке кіру белсенділігін бақылауға қатысты элеуметтік педагог сауалнама алды. Сауалнама қорытындысында оқушылардың интернетте ұзақ отыратындығы анықталды. Себебі оқушылардың элеуметтік желілерді (Вконтакте, Инстаграмм) үнемі қолданатындығын, оқу материалдары мен тест сұрақтарына дайындалатындығын және ойындар ойнайтындары белгілі болды. Сондықтан, интернет қызметтерде қолданушылардың жауапкершілігін жоғарлату, қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Интернет және балалар» атты жадынамалар таратылды.

5-11 сыныптың ата-аналар жиналыстарында күн тәртібіндегі мәселе қылып **«Қауіпсіз интернет»** тақырыбында түсіндіру жұмыстары

жүргізілді. Балалардың интернеттегі және әлеуметтік желідегі іс-әрекетіне ата-аналардың бақылауын күшейту мәселелері қаралса, ауылдық учаскелік инспекторы 9-10-сынып ата-аналар жиналысында **«Балалардың қауіпсіздігі –біздің міндетіміз»** тақырыбында лекция оқыды.



ДТГЖО Тұрсынбаева 3 сынып жетекшілер мен ата-аналарға **«Отбасы және отбасылық құндылықтарды қолдау бойынша Қазақстандық ата-аналардың қауымдастығы»** Республикалық қоғамдық бірлестігімен бірге ата-аналарға WhatsApp мессенджер арқылы ұсынымдар таратты.

10 сыныбында сынып жетекші «Интернеттің зияны мен пайдасы» тақырыбында қызу пікірталас өткізді.

ДТГЖО 3.Тұрсынбаева смартфон пайдаланған оқушылармен жеке әңгімелесу жүргізіп, ескерту берді. Смартфон, гаджет телефондар мен құлаққаптардың ұстау ережесімен таныстырды. Кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін сақтау және қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі мектеп ғимаратының шатырларына шығатын жолдарына тексеру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жазғы демалыс қарсаңында қайғылы оқиғалардың алдын алу бағытында құрылысы аяқталмаған ғимараттардың маңына жүрмеу жөнінде сыныптарда үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, сыныптан тыс сағаттар өткізілді. Барлық сыныптарда патриоттық, азаматтық, құқықтық тәрбиеге байланысты тәрбие сағаттары өткізілді.

**«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»** мақала аясында 7 қыркүйек күні **«Үлкен ел – үлкен отбасы»** (Ұлт жоспары 86-қадам) жобасы аясында **«Менің отбасым – менің байлығым»** атты іс-шара өткізілді. **«Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасы** аясында 2021 жылғы 14 қаңтар күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Елшібаева Ж. ұйымдастыруымен 9 – 11 сыныптар арасында **«Абай Құнанбайұлының 176 жылдығы» «Осы жұрт Абайды оқи біле ме екен?»** сұхбат - сабақ өткізді.



**«Мәңгілік Ел»** патриоттық тәрбие беру мақсатында кітапхана бөлмесінде көрмелер жасалып, бұрыштар ұйымдастырылды. Балаларға қатысты «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты іс-шара өткізіліп. Тәрбие сағаттары, спорттық іс-шаралар өткізілді. Ахметов орта мектебінің 8-11 сынып оқушыларынан 2020 жылдың 27 қараша күні **«Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық»** бойынша сауалнама алынды. Жоғары сынып оқушылары 24 бала қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық туралы сұрақтарға барлық 24 оқушы тек жоқ деген жауап берді. Осыдан шығарылатын қорытынды Ә.Ахметов атындағы орта мектебінде ешқандай зорлық-зомбылық көрген оқушылар жоқ деген мағынаны білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мақсатында жасөспірімдер арасында **«Адал ұрпақ»** клубы құрылып, жұмыс жоспары жасалып, іс – шаралар ұйымдастырылды.

2020 жылдың 15 қыркүйек күні «Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу» контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасын іске асыру мақсатында **«Адал Ұрпақ»** ерікті мектеп клубтарының қызметін ұйымдастыру бойынша отырыс өткізілді.

Рухани – адамгершілік және азаматтық–патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

**«Адал Ұрпақ»** ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, мәдени-көпшілік іс-шаралар.




Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

Мәдени–бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флеш-мобтарды, диалог алаңдар және оқушылар ұйымымен кездесулер және басқа да әлеуметтік –маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады. 2020 жылдың 06 қараша күні 7-11 сынып оқушыларынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама алынды. 8 - желтоқсан күні Халықаралық сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күніне орай 8-11 сынып аралығында **«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»** атты плакаттар жарысы өткізілді.

«Құқықтық жауапкершілікті сезіну-азаматтың парызы» 8-11 сыныптар арасында «Жасұлан» ұйымның ұйымдастырумен пікірталас өткізілді

7 мамыр Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай іс-шара жоспары жасалып, бірқатар жұмыстар атқарылды. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 76 жыл толды. Бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Осыған орай, 5-11 сыныптар арасында қашықтан «Ерлік- ұрпаққа мұра», «Біз Отан қорғаушылармыз», «Еркін елдің ұланымыз» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. «Мен –елімнің патриотымын!» тақырыбында 5-8 сыныптар арасында патриоттық әндер байқауы болып өтті. Сыныптар әскери әндерді нақышына келтіріп орындап, сайыс жеңімпаздары анықталды. «Таза аула» акциясы өтті. Акция мектептің ұл балалары бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен азаматтық-патриоттық тәрбие беруді көздейтін «Ерлікке тағзым» жобасы аясында өткізілді. Сонымен қатар, апта бойы барлық сыныптар арасында Ұлы Отан соғысына арналған ақпараттық -танымдық сағаттар өткізілді. Сондай - ақ әр түрлі видеороликтер жасалынып әлеуметтік желілерге, мектеп сайтына, (Facebook, Instagram, YouTube каналы) жарияланды. 1-11 сынып мектеп оқушылары, ұстаздар мен ата-аналар қатысты.

Оқу жылының аяқталуына байланысты 2021 жылы 25 мамыр күні **«Сәт сапар, жас түлек !»** атты 9-11 сынып аралығында салтанатты жиын өткізілді. Биылғы бітірген түлектерге ҚР еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Қонысбаев өзінің ақ тілегін онлайн желіде жолдады.



#### **«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» жұмысы**

2020 - 2021 оқу жылының басында 8-11 жоғарғы сынып оқушылары арасында **«Жас полиция көмекшісі»** ұйымы құрылып, жылдық жоспары бекітілді. «Жас полиция көмекшісі» ұйымы жұмысының есебі 1 тоқсан бойынша аудандық ішкі істер бөлімінің ЖПҚ ЮПТ аға УПИ полиция майоры О.Ә.Садырбаеваға өткізілді. Аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрған оқушылар жоқ. Мектепшілік есепте

тұрған оқушы жоқ.

Оқушылардың түнгі мезгілде бос жүрмеуінің алдын алу мақсатында мұғалімдер арасында түнгі кезекшілік кестесі құрылған. Мектеп оқушылары сабаққа түгелдей қатысады, ай сайын форма №2 аудандық ішкі істер бөлімімен бекітіліп, аудандық білім бөліміне өткізіледі. Кешкі уақытта құқық бұзушылық әрекеттер болмады.

**2 бағыт–Рухани – танымдық тәрбиесі** бойынша қазан айының 1-і күні «Қартың бар болса, үйде қазынам бар де...» тәрбие сағаттары, қарттарға көмек акциялар ұйымдастырылды.

«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» атты сынып сағаттары желтоқсан айында өткізілді.

21 ақпан күні Ахметов орта мектебінде дәстүрлі мектеп күні мерекесі аталып өткізілді. Мектеп күні мерекесі салтанатты жиынмен басталып, сыныптарға берілген тапсырмалар бойынша ұстаздардан алынған сұхбаттардан видео-көрсетілімдер көрсетілді. Іс-шара жоспары бойынша әр түрлі квест ойындар, бастауыш сыныптарға мультфильм көрсетілімдері көрсетілді. Спорттық ойындардан жарыстар ұйымдастырылды. Іс-шара қорытындысы бойынша оқушыларға сыйлықтар таратылды.

**3 бағыт – Ұлттық тәрбиесі** бойынша **«Қос тілім – қос қанатым»** атты қыркүйек айында сынып сағаттары өткізілді.

Қазан айында Рухани-жаңғыру аясында **«Ұлттық ойындар»** жарысы ұйымдастырылды.

«Мәңгілік Ел – Қазақстан», «Ұлы Дала елінің перзентімін» атты тақырыптарында (4-11 сыныптар) аралығында желтоқсан айында эссе жазу байқауы өтті.



Елбасымыз

Н.Ә.Назарбаевтың **«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»** атты мақаласын жүзеге асырып, оны кеңінен насихаттау барысында Ахметов орта мектебінде Тұңғыш Президент күніне арналып 20 мен 30 қараша аралығында **«Ел тірегі – Елбасы»** атты іс-шара өткізілді. Жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. Іс-шаралар аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Менің Отаным-Қазақстан» сурет көрмесі жүргізілді. 23-30 қараша аралығында жоғары сынып оқушылары арасында «Біздің Елбасы» атты шығарма, эссе, өлең байқауы өтті. «Менің тұңғыш президентім» атты тәрбие сағаттары 27-30 қараша аралығында 1-11 сыныптарда өткізілді. Мұғалімдер арасында 29 қараша күні волейбол жарысы өтті. Кітапханашы «Президент-тұрақтылық пен өркендеудің кепілі» атты кітаптар көрмесі жасалды. 30 қараша күні «Ұлт көшбасшысы» атты салтанатты жиын өткізіліп, 1 тоқсанда жетістіктерге жеткен оқушылар мен жетекшілері марапатталды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қойшыбай Е. бастауыш сынып оқушылары арасында «Көңілді эстафета» атты спорттық жарыс өткізді. Бүкіл

санитарлық талаптарды сақтай отырып Тәуелсіздік мерекесіне орай 15 желтоқсан күні **«Тәуелсіздік тұғыры»** атты салтанатты жиын өткізілді. Жиынға ұстаздар мен оқушылар қатысты. Мектеп директоры барша қатысушыларды Тәуелсіздіктің 29 жылдығымен құттықтап, 1 жарты жылдықта жетістікке жеткен ұстаздар мен оқушыларды марапаттады. Оқушылар концерттік бағдарлама қойып, 5 сынып оқушылар «Жас Ұлан» оқушылар ұйымына, ал 1 сынып оқушылары «Жас Қыран» оқушылар ұйымына қабылданды.

Дәлізде «Тәуелсіздік шыңы» атты кітаптар көрмесі және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қатысқан оқушылар аттары жазылып, таныстырылды. 7-11 сынып оқушылары арасында спорт залда флеш-моб ұйымдастырылды. Қазақстан көпұлтты мемлекет. Сол себепті әр ұлттың әуендерінен попури жасалып, жастар би биледі. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері жоғары сынып оқушылары арасында волейбол жарысы ұйымдастырды. Оқушылар белсене атсалысып қатысты.

2021 жылы 22 мамыр күні қашықтан Жалпы республикалық 1-11 сыныптарда арасында ата-аналар жиналыстары өткізілді. 2020 жылдың 02 қыркүйек күні жаңа оқу жылындағы қамқоршылық кеңес қызметінің атқарылатын жылдық іс-шаралар жұмыс жоспары құрылып, бекітуге ұсынылды. 2020 жылдың 31 тамыз күні қамқоршылық кеңес құрамы сайланды. 2020-2021 оқу жылында жоспар бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 25 шілдедегі **«Мектепке жол»** республикалық акциясын өткізу туралы №3-18-3/3/2439-И санды тапсырмасына, Алматы облысы әкімінің 19.07.2020 жылғы №115-ө, Балқаш ауданы әкімінің 2018 жылғы 31 шілдедегі «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу туралы №95-ө н/к және Балқаш ауданы әкімінің 2020 жылғы 31 шілдедегі №58-ө н/к өкімі, Балқаш аудандық білім бөлімінің 01.08.2020 жылғы №127 бұйрығын орындау мақсатында Аралтөбе орта мектебінде «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру комитеті құрылып және акцияны өткізу жөніндегі іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Мектепте айлық барысында тұрмысы төмен, көпбалалы және басқа да ҚР заңнамасымен анықталған санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты - балалардың әлеуметтік себептермен қыркүйекте мектепке бара алмауының алдын - алу және күнкөрісі төмен отбасылардың оқушыларын жаңа оқу жылына дайындауда қолдау көрсету. Жетісіне бір рет сынып жетекшілер үйлерге рейдтер жасалып, рейд нәтижесінде биылғы оқу жылында мектепке тартылмай қалған оқушылардың жоқтығы анықталды. Акция туралы көрнекті ақпарат, акцияға қатысу туралы үндеу хаттар беріліп, пошта, дүкендерге акция жайлы парақшалар ілінді. Әлеуметтік демеушілерді дамыту мақсатында ауыл әкімімен, жастар және балалар ұйымдарымен, ата - аналар жұртшылығымен бірлесе отырып жұмыс жүргізілді. Шаруашылық кәсіпкерлерге акцияға қатысуын, аз қамтылған отбасыларының балаларына көмек көрсетуін өтініп, республикалық «Мектепке жол» акцияның 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін өтілетіні жайлы үндеу парақшалары таратылды. «Мектепке жол» акциясының ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша 10-20 тамыз аралығында 12 балаға, 100000 теңге көлемде, 01-10 қыркүйек аралығында 8 балаға, 24000 теңге көмек берілді. Акция қорытындысы бойынша көрсетілген қаржылай көмек - 124000 құрады, көмек алған оқушылар саны - 20 бала. Акцияға ұстаздар, ата-аналар мен демеушілер қатысып, көмектерін ұсынды. Демеушілерге рахмет айтылып, алғыс білдірілді. **«Балалар түнгі ауылда»** атты акция тамыз - қыркүйек айында өткізілді. 7 қыркүйек – Отбасы күніне арналған іс-шаралар құрылып, өткізілді. 15 сәуірде 1-4 сынып аралығында «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

**5 бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі** бойынша «Отбасында еңбекке тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар жасаудағы ата-ананың міндеті» ата-анамен әңгіме - сұхбат қазан айында онлайн түрде өткізілді. «Толағай» отбасылық сайысы өтті. Сайысты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Е.Қайрат 5-6 сынып оқушыларының ата-аналарымен бірге өткізді. Жетісу дарыны орталығының ұйымдастырылуымен «Экологиялық күнтізбе» қашықтық зияткерлік сайысында «Үйсіз жануарларға көмек» номинациясы бойынша қазан айында 4 -сынып оқушылары қатысып I орынға ие болды.

Жетісу дарыны орталығының ұйымдастырылуымен «Экологиялық күнтізбе» іс-шарасы бойынша 8-сынып оқушылары «Ескі заттардың жаңа өмірі бұйымдар жасау» III номинациясы бойынша қазан айында 7-8 -сынып оқушылары қатысып

III орынға ие болды.

Қазан айында **«Таза аула, таза көше»** атты акция аясында сенбіліктер өткізілді. Сенбілік кезінде әр жұма сайын сынып оқушылары мектеп ауласына өздеріне бөлінген аулаға тазалық жүргізді.

Қараша айында **«Жасыл ел»** бағдарламасының мақсат, міндеттерін басшылыққа ала отырып көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша «Бір ағаш сындырсаң, он ағаш ек!» атты акциясы жүргізілді. Мектеп қызметкерлері, мұғалімдері мен 8-11 сынып оқушылары осы акцияға белсене атсалыса қатысты. Мектеп ауласының белгіленген орындарына ағаштар отырғызылды.

Мектебімізде көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Мектепте оқушыларға экологиялық білім беру бойынша іс – шаралар жоспары жасалынып, жүзеге асырылуда. Қазіргі замандағы әлемдік өзекті мәселелердің бірі – табиғи ресурстардың сарқылуы мен қоршаған ортаның ластануы. Осы мақсатта бастауыш сыныптарда сабақтары өткізілді. Сабақта оқушылар энергияны тиімді тұтыну және энергияны үнемдеу, ауызсу көздерін ұтымды пайдалану туралы түсінік қалыптастырды. Сабақ соңынан сынып жетекшілері **«Жасыл – яғни үнемді»** тақырыбында презентациялар көрсетілді. 1 – 4 сыныптарда **«Жас эколог»** сынып сағаттары, 5-8 сыныптарда **«Мен және экология»** сынып сағаттары, 9-11 сыныптарда **«Экология және денсаулық»** тақырыптарында сынып сағаттары өтті. МАД тобы, 1-4 сыныптарда **«Құстар біздің досымыз»** сынып сағаттары өтті.

Көгалдандыру жұмыстары бойынша жарты жылда бір рет (көктемде және күзде) **«Тал күні»** жобасын ұйымдастырылуда. **«Тал күні»** жобасы аясында оқушылар ата-аналармен бірлесіп мектеп ауласына **«Туған жерге қамқорлық», «Бір тал кессен, он тал ек»** аясында іс-шара ұйымдастырылып, қажет болған жерлерге ағаштар, гүлдер отырғызылып, суғарып, қоқыстардан тазартылды.

«Туған жерімізді қорғаймыз!» тақырыбында мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

**6 бағыт – Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие** бойынша 11-18 қыркүйек аралығында **«Мәңгілік қазақ Елі – көпұлтты ел»** атты достық фестивалі 5-11 сыныптарда өтті.

2020 жылдың 30 қыркүйек күні ұстаздар мерекесіне арналған **«Ұстазым, менің ұстазым!»** атты «Жас Ұлан» ұйымы мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Оқушылар ұстаздарға арналған әндерін орындап, тақпақтарын жолдап, әзіл ойындар ойнатты. Құттықтаулар айтылып, гүл шоқтарын таратты. «Мәңгілік Еліміңнің байлығы» атты мерекелік іс-шаралар қазан айында өтті.

**«Жаңа жыл құтты болсын!»** жасыл шырша мерекесіне байланысты сынып сағаттары 28 желтоқсан күні өтті. Бастауыш мектепалды даярлық, 1, 2, 3Б, 3,4 сыныптарында «Новогоднего путешествие по сказкам» әр сыныпта сынып сағаттары өтті. Сағат 14.00.-15.30. дейін бастауыш сыныптарда «Төрлет, Жаңа жыл!» атты сынып сағаттары ұйымдастыруымен өткізілді. Орта буында сағат 15.30.-16.30. дейін 5-11 сыныптар аралығында «Жаңа жылдық шырша мерекесі» атты сынып сағаттары өтті. Қызықты ойындар жүргізіліп, лотерия билеттері ойнатылды, сахналық қойылымдар көрсетті. Оқушыларға сыйлықтар тарту етілді. Оқушылар жоғары көңіл күйде жаңа жылды қарсы алды.

30 сәуір күні **«Бірлігіміз жарасқан»** атты 1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі мейрамы елімізде жүріп жатқан пандемияға байланысты штаттық режимде оқығандықтан мектепте аталып өтті. 1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік сынып сағаттары өз деңгейінде өтті. Әр сынып жетекшілер құттықтау видеороликтерін әзірлеп әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында, Facebook, Instagram, YouTube каналында жарияланды.



**7 бағыт – Зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениет тәрбиесі** бойынша **«Мәңгілік Ел»** жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруда әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру мақсатында қазан айында «Болашаққа бағдаршам» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

1 наурыз күні мектебімізде Алғыс айту күні аталып өтті, сурет көрмесі ұйымдастырылды. Ә.Ахметов атындағы орта мектебінде **«12 сәуір - Ғарышкерлер күніне»** арналған оқушыларға Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып, ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру, «Ғарыш» туралы мағлұмат беру, ғарышқа ұшу туралы ғылымның негізін қалаған ғалымдармен және ғарышкерлермен таныстыру мақсатында 1-11 сынып аралығында **«Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері»** және **«12 сәуір - Ғарышкерлер күні»** тақырыптарында тақырыптық сынып сағаттары, 1-4 **«Мен ғарышкер боламын»** мәнерлеп оқу сайысы, **«Ғарыш әлемі»** жобалар байқауы, сурет байқауы өткізілді. Сонымен қатар оқушылар арасында суреттер байқауы және бастауыш сынып оқушылары ғарышкерлерге арналған өлеңдерін ұсынды. Оқушылар сынып сағаттарында ғарышкерлердің өмір баяндарымен танысып қана қоймай олар туралы қызықты мәліметтермен де танысты. Сонымен қатар тек адамдар ғана емес ғарышқа саяхат жасаған жануарлар да болғаны жайлы мағлұматтар алды.

**8 бағыт– Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі** бойынша 2020-2021 оқу жылының басында Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

2021 жылы 27-28 мамыр күндері аралығында Талдықорған қаласында облыстық **«Айбын»** әскери-спорттық ойыны өтті, ойынға 7-8 сынып оқушылары қатысты. Облыстық **«Айбын»** әскери-спорттық ойынының нәтижесі бойынша **«Әскери-медициналық дайындық»** номинациясы бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін Серікқалиқызы Дана мадақтамамен марапатталды.

1 маусым - Балаларды қорғау күніне мектебімізде 1-8 сынып аралығында жоспар бойынша іс-шара өтті. Сурет байқауы, спорттық ойындар, флешмоб, арқан тарту мереке сонында оқушыларға балмұздақтар таратылды.

Мектепте мереке күндеріне арналып спорттық жарыс, әр түрлі ұлттық ойындар, волейбол, баскетболдан жарыстар ұйымдастырылып,

оқушылар белсене қатысты. Мектепте спорттық 5 үйірме түрі бар. Олар волейбол, баскетбол, шағын футбол, қазақша күрес және тоғызқұмалақ. Оқушылар өз еркімен сабақтан тыс уақытта қатысады.

#### Оқушылардың спорттық үйірмеге қатысу көрсеткіші

<i>Оқу жылдары</i>	<i>Жалпы бала саны</i>	<i>Спорттық үйірмеге қатысушы бала саны</i>	<i>Спорттық үйірме саны</i>	<i>Пайыз көрсеткіші</i>
<i>2020-2021</i>	<i>160</i>	<i>80</i>	<i>8</i>	<i>70,8%</i>

#### 2021 - 2022 оқу жылына қойылатын мақсаттары:

«Мәңгілік Ел» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идеясы арқылы оқушылардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағыттау.

#### Міндеттері:

Мектеп оқушылары жақсы білім алған, ойлау мен сезе білуге қабілетті, мектептің және жергілікті қоғамдастықтың өміріне белсенді қатысушы, қазақстандық қоғамды жақсартуға өз үлесін қосуға дайын, ойы, жаны мен тәні үйлесімді үндесетін тұлғалар тәрбиелеуге баулу:

- Сынып сағаттарының жүргізілуін қадағалау, сынып жетекшілер жылдық жоспарларына жаңа өзгерістер енгізу;
- Ашық тәрбие сағаттарының түрлері (дөңгелек үстел, дебат, пікір-талас және т.б.) өзгертіліп, сынып жетекшілер міндетті түрде өткізу;
- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттары бойынша жұмыстарды жүйелі жүргізу;
- Сынып кезекшілігінің толыққанды орындалуы, кезекшілік кезіндегі мұғалімнің ролі, қорытындысында интеллектуалдық немесе спорттық іс-шаралардың ұйымдастырылуы;
- Сыныптан тыс іс-шараларды ауқымды түрде өткізу;
- Оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау мақсатында күнделікті фильтрация жасағаннан кейін, оқушылардың сабақтан қалу себебін анықтап, ауырған баланы дереу есепке алу мектеп медбикесі Г.Тұрлымбетоваға міндеттеу.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында рейдтер мен түнгі кезекшілік жұмысының жүзеге асырылуы;

### Мектептің жұмыс циклограммасы

<b>Апта күндері</b>	<b>1 апта</b>	<b>2 апта</b>	<b>3 апта</b>	<b>4 апта</b>
<b>Дүйсенбі</b>	1.Директор жанындағы отырыс 2.Оқушылардың жалпы линейкасы, тәрбие сағаттары			
<b>Сейсенбі</b>		Әдістемелік бірлесік отырысы		
<b>Сәрсенбі</b>	Пән мұғалімдерін бақылау		Әдістемелік күн, пед. оқу,семинарлар,дөңгелек үстел, конференция.	
<b>Бейсенбі</b>	Оқушы жасар ұйымының жұмысы, Қыран», «Ұлан», ұйымдарының бірлескен отырысы	Сынып журналдарын тексеру	Педагогикалық кеңес,директор жанындағы кеңес, ата-аналар комитетінің отырысы	Кәсіподақ ұйымының отырысы
<b>Жұма</b>	Оқушы күнделіктерін тексеру	Оқушы кітаптарын, дәптерлерін тексеру	әдістемелік кеңес	Кездесулер, кештер, байқаулар

**Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2021 жылғы 6 сәуірдегі № 130  
Бұйрығына 15-қосымша**

**1.Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту**

№	Жұмыс бағыты	Атқарылатын жұмыстың іс-шаралары	Жауаптылар	Мерзімі
1	Оқушылар контингентін қалыптас тыру	1.1,10- сыныптарды қабылдау. 1 сыныпты egov.kz сайты арқылы енгізу 2.Келесі оқу жылына оқушыларды көшіру, мектепке дайындығын зерттеу.	А.Ламбеков М.Жекебаева	Тамыз  Маусым
	Оқушылар қозғалысы.	1.Оқушылар қозғалысымен жұмыс; (анықтама жинау) 2..№2 форманы толтыру. Аудандық білім бөліміне өткізу. 4.Мемлекеттік қызмет көрсету картасын толтыру.	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева Т.Саденова	15.08-15.09 05.09.2022 жыл. Айына бір рет
2	Жалпыға бірдей білім беру құжат тарымен жұмыс.	1.Нормативтік құжаттармен жұмыс - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы -ҚР білім министрінің 04.12.1997ж №463 бұйрығы -ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 11 тамыздағы 4-12-2/1588 хаты - Білім және ғылым министрлігіндегі Балалар құқығын қорғау комитетімен келісілген 2008 жылғы 13 тамыз №98 бұйрығы 2.Алфавиттік кітап, бұйрық кітабы, мөлтек аудан дәптерлерінің жүргізілуін тексеру. / мөлтек аудан тізімі/ 3. Оқушылардың жеке іс қағаздарын тексеру.	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева	Тамыз  Қыркүйек  Қаңтар Мамыр үнемі



3	1.Жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және сәтсіз жанұя балалары -мен жұмыс	1. Жетім, әлеуметтік жағынан төмен, сәтсіз жанұялар тізімін жасау,бекіту. 2.« Мектепке жол-2021» акциясын өткізу. 3.Оқушыларды жазғы сауықтыру лагеріне тарту, мектеп жанындағы лагерін ұйымдастыру. 4Еңбекпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. 5.Міндетті білім беру қорының тиімді жұмсалуды қадағалау.	3.Тұрсынбаева Т.Саденова	Қаңтар Мамыр Тамыз Қаңтар Мамыр Тамыз Жыл бойы
4	Девиантты мінез құлықты оқушылармен жұмыс.	1.Қиын оқушылардың тізімін алу. 2.Кәмелетке толмаған балалар инспекторымен жылдық жоспарды жасап, бекіту. А)Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторымен кездесу ұйымдастыру. Б)«Менің құқықтық алаңым», «Өзіңді өзің танысаң,істің басы»тақырыптарында тренингтер өткізу	3.Тұрсынбаева.	Жыл бойы Қыркүйек  Тоқсанына бір рет Қазан Сәуір
5	Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.	1.Тегін тамақтанатын оқушылардың тізімін жасау.Жанұясының құрамы туралы анықтама жинау, ата-аналардан өтініш алу. 2.Асхана құжаттарының жүргізілуін қадағалау.  -Бракераждық журнал - Тамақтану кестесі - Ас мәзірін бекіту. 3.Бекітілген ас мәзірінің дұрыс берілуін қадағалау	Т.Саденова 3.Тұрсынбаева	Тамыз  Жыл бойы  Жыл бойы
6	Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз ету жұмыстары	1.Оқушылардың ата-аналар және демеушілер есебінен оқулық алуын ұйымдастыру. 2.Оқушылардың кітап ұстауын қадағалау.	М.Жекебаева Г.Көпжанова	Тамыз Жыл бойы
7	Балалардың мектепалды	1. Мектепалды даярлық тобына баратын оқушылардың тізімін алу.	М.Жекебаева Мектепалды	Мамыр

	даярлығын қамтама сыз ету бойынша жұмыс	2. Мектепалдындағы даярлау ережесіне сәйкес бөлмені даярлау. 3. Мектепалды даярлық тобының мектепке дейінгі бейімделуін, қабылдау деңгейлерін психологиялық ерекшеліктерін тексеру. 4. Мектепалды даярлық топ оқушыларының сабақтарына қатысу.	даярлық топ жетекшілері  Мектеп әкімшілігі,	Тамыз  Тамыз  Жыл бойы
8	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау	1. Күнделікті таңертеңгілік тексеріс жүргізу. 2. Сынып журналдарын жүргізу барысын тексеру. (Оқушылардың балл қоры, сабаққа қатысу деңгейі, дұрыс толтырылуы)	Г. Тұрлымбетова Мектеп әкімшілігі	Жыл бойы Айына бір рет
9	Оқушылардың мамандыққа баулу бойынша жұмыс	1. Оқушыларды бағдары бойынша сыныптарға бөлу, мамандық таңдау жұмыстарын ұйымдастыру. /10,11- сыныптар/ 2. Бағдарлы оқыту бойынша жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекіту. 3. Бағдарлы оқыту пәндері сабақтарына қатысу, талдау жасау.	Сынып жетекшілер  М. Жекебаева	Қыркүйек  Сәуір  Жыл бойы
	Еңбекпен қамтылуы	4. Мектеп түлектерінің оқумен, еңбекпен қамтылуын айқындау.	Мектеп әкімшілігі	Тамыз

## II. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру іс-шаралары

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
<b>Оқытуды ұйымдастыру</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаңа оқу жылына арналған оқу- тәрбие жоспарын бекітуге ұсыну.</li> <li>2. Жаңа оқу жылындағы жұмыстың оқу жоспарын жасау</li> <li>3. Мұғалімдердің апталық оқу жүктемелерін белгілеу.</li> <li>4. Мектеп директоры орынбасарларының, мұғалімдердің және т.б. қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулығын бекіту</li> <li>5. Мектептегі сабақ, сабақтардың кестесін жасау</li> <li>6. Сынып жетекшілерін белгілеу ӘБ жетекшілерін тағайындау</li> <li>7. Мұғалімдердің күнтізбелік, орта мерзімді жоспарларын бекіту</li> <li>8. Мектептің жаңа оқу жылындағы сынып комплектілерінің кестесін (сеть) жасау</li> <li>9. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілін енгізу коучингтер өткізу</li> <li>10. Жалпыға бірдей білім беру айлығын өткізу</li> </ol>	<p>М.Жекебаева З.Тұрсынбаева</p>	<p>Тамыз 4 апта</p>

	<p>11.Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарын бекіту. 12.Сынып бойынша тазалық учаскелерін бөліп беру.</p>		
	<p>1.Оқу жүктемелері тарификациясын жасау және бекітуге ұсыну 2.1сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүргізу, апта сайын тестілеу өткізу. 3. 9 сыныптарда ОЖСБ-ға даярлықты жүргізу 4.Мұғалімдерден мектепте кезекшілік ұйымдастыру 5.Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын ұйымдастыру 6.Оқушыларды оқулықтармен қамту 7.Жас мамандарға тәлімгер тағайындау 8. Оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі мониторингін жасау .</p>	<p>М.Жекебаева З.Тұрсынбаева Т.Саденова Н.Мырзасаимова</p>	<p>Қыркүйек</p>
	<p>1 Өзара сабаққа қатысу жүйесін тексеру 2.Негізгі пәндер б/ша білім сайыстарына қатысатын оқушыларды анықтап, олармен дайындық жұмыстарын ұйымдастыру . 3.Оқытудың жаңа әдіс-тәсілін енгізу. Зерттеу сабақтарын өткізу. 4.Оқумен қамту жұмыстары құқық қорғау ұйымдарымен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру.</p>	<p>М.Жекебаева З.Тұрсынбаева</p>	<p>Үнемі Кесте бойынша  Үнемі</p>

	1. Мектепшілік пән олимпиадасын ұйымдастыру 2. Тоқсан аяғында сыныптар бойынша оқушылардың білім сапасын, үлгерімі, қозғалысы туралы есептер алу, педкеңесте қарау, аудандық білім бөліміне тапсыру	М.Жекебаева	Үнемі
	1. ТЖБ алынуын қадағалау 2. Аймақтық желілік қоғамдастық тобымен жұмыс жүргізу	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева	Тоқсан сайын Үнемі
	1. Онлайн режимінде қашықтықтан өткізілетін пән олимпиадаларына, байқауларға қатыстыру 2. Тәрбие сағаттарының жоспар бойынша уақтылы журналға жазылуын, талапқа сай жүргізілуін қадағалау	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева	Кесте бойынша Үнемі
	1. Психолог жұмысын ұйымдастыру 2. Мектеп оқушыларының ойлау қабілетін бағалау	К.Калыкова	Тамыз Жыл бойы
	1. «Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау түрлері» (мониторинг жүргізу)	М.Жекебаева	Үнемі
	1. Емтихан материалдарын дайындау, бекіту, қосымша сабақтар ұйымдастыру 2. Емтихан, ҰБТ-ға дайындық бұрыштарын ұйымдастыру. 3. Экологиялық айлықтың жүргізілуін бақылау	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева	Сәуір
	1. Қорытынды аттестаттауға қатысу жұмыстарын өткізу. 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	М.Жекебаева	Маусым
	1. Оқушылардың жазғы демалыс лагерін ұйымдастыру жұмыстары, тамақтану, көгалдандыру жұмыстары	З.Тұрсынбаева	Маусым

<b>II.</b> <b>Мектепшілік</b> <b>жылдар мен</b>	1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелеріне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру	З.Тұрсынбаева	Жоспар бойынша
	1. «Білім күнін» өткізу 2. «Денсаулық фестивалі-2022» өткізу. «Желаяқ-2022» жарыс 3. «Тілге құрмет-елге құрмет» апталық. Сыныптан тыс іс-шаралар, мәнерлеп оқу жарысы, семинар, тәрбие сағаттары.	З.Тұрсынбаева М.Жекебаева	Қыркүйек

<p>1. «1 қазан Қарттар күні» акция өткізу. Қарттарға көмек қолын созу(5-8)сынып оқушылары мен сынып жетекшілері. 2. Ұстаздар күні мерекелерін атап өту. Концерттік бағдарлама,сыныптан тыс іс-шаралар,тәрбие сағаттары.</p>	<p>3.Тұрсынбаева  Сынып жетекшілері</p>	<p>Қазан</p>
<p>1.Күзгі каникул жоспарын бекіту іс-шаралар ұйымдастыру 2. Мектеп кітапханасы ұйымдастырған іс-шаралар 3.Кітапханаға онлайн саяхат «Кітап менің сырласым» 4. Үйірме жұмыстарының көрмесі.« Шебердің қолы ортақ»</p>	<p>3.Тұрсынбаева Г.Көпжанова</p>	<p>Тоқсан сайын Үнемі Қазан Ақпан</p>
<p>1 желтоқсан тұңғыш Президент күнін өткізу іс-шаралары . «Елін сүйген, Елбасы»тақырыбында тәрбие сағаттары (1-11)сыныптар «Елбасы жолы»фильм көрсету (5-8)сыныптар 2..16-желтоқсан-ҚР Тәуелсіздік күні.Концерттік бағдарлама.сыныптан тыс іс-шаралар,тәрбие сағаттары 3.«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»сурет байқауы.</p>	<p>3.Тұрсынбаева  Сынып жетекшілері</p>	<p>Желтоқсан</p>
<p>1.Мектеп бойынша қамқорлық акциясын өткізу. «Балаға мейірім сыйла» қайырымдылық концертін өткізу. 2.Қысқы спорттық жарыстар өткізу</p>	<p>3.Тұрсынбаева</p>	<p>Тамыз Қыркүйек Желтоқсан</p>
<p>1.Жыр алыбы Жамбыл мен Мұқағали Мақатаев айлықтарын өткізу. 2. Жамбыл,Мұқағалиға арналған поэзия кешін өткізу. 3. «Үздік сынып жетекші -2022» мектепішілік байқау өткізу</p>	<p>3.Тұрсынбаева Сынып жетекшілері</p>	<p>Кесте бойынша</p>
<p>1. «8 Наурыз Халықаралық» аналар мен қыздар мерекесі (апталық)концерттік бағдарлама, «Әйел ана,әйел нұр»сынып сағаттары 2.«Наурыз-2022» салтанатты жиын. (наурыз-думан) 3. «Көктем аруы-2022» (9-10)сыныптар 4.Көктемгі демалыс демалыс күндерін ұйымдастыру.</p>	<p>3.Тұрсынбаева Сынып жетекшілері</p>	<p>Наурыз</p>
<p>1.Ілияс Жансүгіров, Абай Құнанбаев , Муқағали Мақатаев оқулары. 2.Өлең оқу жарысын өткізу</p>	<p>А.Айсаева</p>	<p>Кесте бойынша</p>

	1. «Ұлы Отан соғысы және ауған соғысы ардагерлерін еске алу» кездесу өткізу 2. Жазғы еңбек демалысын ұйымдастыру кестесі мен таныстыру. 3. Соңғы қоңырау мерекесі. Салтанатты жиын.	З.Тұрсынбаева	Мамыр
	1. «Жас қыран» жазғы демалыс лагерін ашу кеші «Балалығым бал дәуренім» салтанатты жиын. 2. «1 маусым –балаларды қорғау күні» «Мен бақытты баламын» сурет байқауы 3. «4 маусым-рәміздер күні» іс-шара өткізу	З.Тұрсынбаева	Мамыр Маусым

<b>Нормативтік –құқықтық құжаттармен жұмыс</b>	- ҚР«Еңбек Кодексі», ҚР «Білім беру туралы» Заңын жүзеге асыру негізінде (ЕК 28-б,1-т,2-тармақшасы) - электронды еңбек шартын жасау, оқушылар мен мұғалімдерді жұмысшылардың, жеке іс-құжаттарын жүргізу - «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру. Мемлекеттік стандартқа сәйкес бағдарламалар әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	М.Жекебаева З.Тұрсынбаева	Тамыз 4-апта
	1 «Қазақстан Республикасы Тіл туралы заңының» орындалуы Тілдер он күндігі барысында өткізілген іс-шаралардың орындалуын тексеру 3.Мемлекеттік білім беру стандартын орындау -Күнделік кз журналдардың толтыру жөнінде нұсқаулар беру,13.01.2003ж Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің №19 бұйрықты басшылыққа алу ,толтыруын қадағалау, оқушылардың күнделігін толтыруын қадағалау. -Факультативтер, үйден оқыту, үйірме жұмыстары электронды журналдарының жүргізілуін тексеру	З.Тұрсынбаева	Қыркүйек 4апта Ай сайын  Ай сайын  Тоқсанынабір рет
	1. Балалар мен олардың ата-анасының құқықтарымен міндеттерін айқындауға арналған іс-шаралар 2.«Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері туралы заңы» Оқушылар арасында мемлекеттік рәміздер туралы сауалнама жүргізу (5-8) сыныптан тыс іс-шаралар (5-9) сыныптар семинар	З.Тұрсынбаева Сынып жетекшілер	Жыл бойы  Қазан 3апта
	1.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының	З.Тұрсынбаева	Жыл бойы

<p>алдын-алу туралы » ҚР заңы . Сәтсіз жанұя тізімінде тұрған балалардың жағдайын тексеру. 2. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру -Электрондық білім статистикасының базасын тексеру</p>		Желтоқсан
<p>1. Мұғалімдер мен оқушыларға қатысты нормативтік құқықтық құжаттамалардың жай күйі (алфавиттік кітаптың жүргізілуі)</p>	М.Жекебаева	Қаңтар 1апта
<p>1.Мектепте қамқоршылық кеңесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету</p>	Т.Саденова	Ақпан 4апта
<p>1. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесімен жұмыс 2. <a href="#">Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесі. (11.05.2020ж.№192 бұйрық) Аттестатталушы мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыру</a></p>	М.Жекебаева	Наурыз 4апта Мамыр 4апта Наурыз 4апта
<p>1.Білім туралы заңның орындалуы.</p>	М.Жекебаева	Сәуір 4апта



### III бөлім. Мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартының орындалуы

**Мақсаты: Оқушының тақырып бойынша теориялық материалды игеру деңгейін анықтау, қадағалау және жіберілген кемшіліктердің орнын толтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға бағдар беру, білім-білік мониторингі жасау**

Жұмыс бағыты	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
Білім- білік мониторингі	1.5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі	Қазан	Қ.Бейсенбаева
	2. 1-4 сынып оқушыларының оқу сауаттылығының мониторингі	Қыркүйек Желтоқсан Мамыр	М.Жекебаева Сынып жетекшілер
Аралық бақылау, қорытынды аттестат-тау	3. 2- 11 сынып оқушыларының білім сапасын тексеру (нольдік қима бақылау)	10-14 қыркүйек	А.Ламбеков
	4. I жарты жылдық оқу бағдарламасының орындалуы директорлық бақылау жұмысының қорытындысы	17-22 желтоқсан	М.Жекебаева
	5. 4-9 сыныптың ОЖСБ-ға, 11-сыныптың қорытынды аттестаттауға дайындығы	Қараша, қаңтар	М.Жекебаева
	6. 5-8, 10-сыныптардағы білім алушылардың аралық аттестаттау жұмысын ұйымдастыру 9. 11-сыныптардың қорытынды аттестациясы (мемлекеттік емтихан)	Мамыр Маусым	сынып жетекшілері Мектеп директоры

Ағымдық бақылау	1.Күнтізбелік жоспарлардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының талаптарына сәйкестігін тексеру	Қыркүйек	ӘЖ
	2. Қазақ тілі, орыс тілі, математика пәндерінен алынған жазба жұмыстарын тексеру	Желтоқсан, мамыр	ӘБЖ
	3.Электронды журналдың мемлекеттік білім стандартына сәйкестігін тексеру	Ай сайын	М.Жекебаева
	4. Оқушы дәптерлерін тексеру	Тоқсан сайын	М.Жекебаева
Оқушылардың мемлекеттік емтиханға, ОЖСБ, қорытынды аттестаттауға дайындығын ұйымдастыру	1. 4-9-сыныптың ОЖСБ-ға, 11-сыныптың қорытынды аттестаттауға дайындық барысы	Қараша Наурыз	М.Жекебаева З.Аубакирова Қ.Бейсенбаева Н.Меңешова
	2. 11-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық барысы	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілері. Пән мұғалімдері
	3. Математика пәнінде функционалдық сауаттылықтың жүзеге асуын зерделеу (5-9 сынып)	Қаңтар	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері
Дарынды балалармен жұмыс (оқушылардың ғылыми қоғамы, интеллектуалд	1.Дарынды жастар ұйымын құру, жұмыс жоспарларын жасау	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
	2. Оқушылардың қабілеттеріне зерттеу жүргізе отырып, олардың қандай пәнге дарынды, неге қабілетті екенін анықтау	Қазан	М.Жекебаева

ы жарыстар, әдеби оқулар)	3. Дарынды балалардың «Мектеп жеңімпазы» жарысын ұйымдастыру	16 қазан	ДОҒЖО
	4. Дарынды және талантты балалардың көшбасшылығын анықтау және бағалау	9 қараша	ДОҒЖО
	5. Сабақта дарынды балаларды даралап оқытып, оза оқытуды жүзеге асыру	Кестеге сай	Пән мұғалімдері
	6. Аудандық «Зерде» жобасы, «Дарын», «Кенгуру», «Ақбота »т.б. сайыстарға қатыстыру	Кестеге сай	Пән мұғалімдері
	7. Дарынды балалармен Жамбыл, Мұқағали, Абай, Үмбеталы, І. Жансүгіров оқуларын ұйымдастыру	Кестеге сай	Пән мұғалімдері
Пән олимпиадалары, пәндік байқаулар, жарыстар	1.Әр негізгі пән бойынша білім сайыстарына қатысатын оқушыларды анықтап, олармен дайындық жұмыстарын ұйымдастыру	Қазан	М.Жекебаева
	2.Мектепшілік пән олимпиадасын өткізу.	Қараша	М.Жекебаева
	3.Аймақтық пән олимпиадасына оқушыларды қатыстыру	Қараша	М.Жекебаева
	4. 3-4 сынып аралығында мектепшілік математика, орыс тілі, қазақ тілі, пәндерінен олимпиада өткізу	Қаңтар	Пән мұғалімдері
